



Жас өркен Қостанай



4 (95) шілде-тамыз 2018 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
8(747) 601-95-14
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

Астанада өткен тұсаукесер

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жер», «100 жаңа есім» бастамалары негізінде «Алтын қалам» әдеби жұлдесінің жеңімпазы Ақылбек Шаяхмет 2018 жылы сәуірдің 26-27 аралығында Астана қаласында өтетін 20 мемлекеттің өкілдері бас қосқан «Eurasian Book Fair» Еуразия халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесіне қатысты.

Шара аясында «Алтын қалам» жарыққа шығарған Ақылбек Шаяхметтің «Алашорда» атты кітабының тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды. Бұл кітапқа автордың Алашорда комиссары болған айтулы ғалым, мемлекет қайраткері Елдес Омарұлы туралы жазылған «Суық жел» деп аталған деректі хикаяты енген. Сонымен қатар ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникация қызметі алаңында «Алтын қалам» әдеби жұлдесі жеңімпаздарының қатысуымен баспасөз маслихаты өтіп, онда бұқаралық ақпарат құралдарына жаңа кітап пен оның авторы таныстырылды.

Ақылбек Шаяхмет биылғы жылы «Ұлт болмысы» журналы ұйымдастырған Алашорда тақырыбына арналған әдеби байқауда драма номинациясында Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлына арналған «Атылған мен Сатылған» атты пьесасы үшін жұлделі үшінші орынға ие болды.



Бәйтерек

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ

Астанаға жарасып тұр Бәйтерек,
Айтпайды ешкім ұрпыры оның келте деп.
Қриге ұлтылап бәйтеректің жапында
Бойжеткен тұр жас жігітке еркелеп.
Қала орнады тұзап дала төсіне,
Қазағына долды Елорда несіде.
Тұр Жайнаған Бәйтеректі көргенде,
Аман айтсап ауыз тәтті есіне.
Бір жолаушы жаздың жылы күнінде
Қағін-қатер болмаған-ау ойында,
Ғұлыман жатып бәйтеректің түбінде,
Көз болыпты бал іздеген аюға.
Жап алаң деп келеді аю асырып,
Байыз тауып тұрпады адам жерде көп.
Жап таласып жап сартады надырың,
Бәйтеректің брматына ормелеп.
Аю кетті. Жолаушы да дін алап,
Шашыраңдай шалып төсеп жаз алдап,
Бәйтерекке бата берді бұл адам,
Алып қалған тұра келеп ажалдан.
«Бойың дүйк, аласармас, Бәйтерек,
Өзге ағаштар таласа алас, Бәйтерек!
Ағасқанға делің болсаң далада,
Жапыңа ешкім жара салмас, Бәйтерек!
Брматтарың жапырақса оранған,
Ер-ақ қыздай шашып талдап тараңған.
Жапырақтар жасыл түске боялған,
Жолаушылар пана тапсап саяулап.
Ғасырлардың сәрдасындай, Бәйтерек!
Жайнай дерің жылды осылай, Бәйтерек!
Ең де, мәң де, дәрі-дәрі дар сенде,
Бірақ, таныр солып қалса, қайтер ең?!
Друшандардың көрмей ешбір жөдірін,
Ағаштарға арта дерің қайірің.
Шарпынасын брматты өрттің жалыны,
Бата тәін, қуынасын танырың».
Бәйтеректі бұл сөз жөлеп-жөдеді,
Әлі күнге жайғалып тұр, себеді.
Ағаштарға кін жасаға жазылың,
Дәл осындай бата берің келеді.
Бәйтеректің сая болсын жастарға,
Үлгі болсын ағайып мен достарға.
Мәңірегі нұ орманға айналсын,
Брматтарың сөзсіз мәлдір аспанға.
Маңайына қызыл-жасыл түр шығып,
Кін болса да жұлға оны қылышың.
Көк шалғынның жерар үйі дүрсірап,
Жайнай дерің Елордада тіршілік.

«Рухани жаңғыру» идеясы жастарға тың серпін беруде

Жаңаша өркендеу дәуіріне аяқ басып келе жатқан Тәуелсіз Қазақстан бүгінде өткенін саралап, ертеңгі бағыт-бағдарын нақты бағдарламалармен айқындап отыр. Қазақстан халқы үшін тәуелсіздіктен артық байлық жоқ.

Тарихқа үңілсек, бүгінгі біз жетіп отырған азат қоғамды ата-бабаларымыз қаншама ғасырлар бойы аңсап кетті. Егемен мемлекетімізді құру жолында қаншама боздақтарымыз бен ерлеріміз құрбан болды. Алайда, осы баға жетпес байлығымызды біз қалай дәріптеп, қалай түсініп жүрміз? Егемендік алғалы бері ширек ғасырдан астам уақыт аралығында ұлттық санамыз қаншалықты өзгерді? Асыл дініміз бен ана-тілімізді қаншалықты дамыта алдық? Тәуелсіз ұрпақтың ой-санасы қаншалықты тәуелсіз болып қалыптасып келеді. Көкейде сұрақ көп...

Ата-бабамыз сан ғасыр армандаған азаттық пен еркіндік – бүгінгі ұрпақтың өншісіне тиеді. Тәуелсіздік – біз үшін ең қасиетті құндылық. Сондықтан оны қадірлеп, қастерлеу әр азаматтың міндеті. Бүгінде егемендігіміздің арқасында еліміз елеулі жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындырды. Заман тудырған дағдарыстар мен қайшылықтарға қарамастан, мемлекет жүргізген ұтымды саясаттың нәтижесінде қазіргі Қазақстан бүкіл әлем мойындаған мемлекетке айналды. Десек те, уақыт озған сайын жаһанданған әлемде әр мемлекет, әр ұлтпен ұлыс өз кескін-келбетін сақтап қалуға ұмтылыс жасап, аласапыран дәуірдің көшінен қалмаудың қарекет-амалын жасауда. Қазіргі заман жаңаша көз қарастар мен жаңаша талаптарды, тың ізденістерді қажет етеді. Біздің қоғам экономикалық мәселелерді кезең-кезеңімен шешіп, нарық заманының қатал талаптарынан сабақ ала отырып, «қазақстандық даму моделін» қалыптастырып үлгерді. Алайда, ақпараттық технологиялар алға озған қазіргі дәуірде экономикалық түйіткілдер мен қатар рухани-мәдени дамуды да қатар алып жүру керектігін уақыттың өзі талап етуде. Сондықтан, Елбасы ұсынып отырған «Рухани жаңғыру» идеясын негізге ала отырып, қазақ қоғамы тыңнан серпіліс жасауы тиіс. Ол үшін, біз осыған дейін жеткен жетістіктерімізге тойынып кетпей тарих жадымызды жаңғырта түсіп, төл тарихымызды терең зерделеп, мемлекеттігімізді айқындай түсуіміз керек. Бұл ретті қоғамның басты үміт артары – жастар екені сөзсіз. Өйткені бүгінгі жастар еліміздің ертеңгі болашағы.

«Рухани жаңғыру» жолдауын А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-де басшылыққа алған «Өнер» студиясы 2001 жылдан студент жастармен жұмыс жасай бастады.

Шығыс даналарының бірі Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берген білім қауіпті» деген екен. Ал, өнер атаулының барлығы адам жанын ізгілікке тәрбиелейді. Өнер жастардың бойында зиялылықты қалыптастырады. Олар ертең оқуды бітірген соң өмірге

жолдама алады, өзге орталарға түседі. Сонда бойында өнері бар жас мамандарға басқалар соншалықты құрметпен қарайтын болады. Ондай көкірегі байлыққа толы, өнерге бай жастар кез келген ортаның, ұжымның көркі болып есептеледі, айналасына нұр шашып, замандастарын тәрбиелейді. – дейді, «Өнер» студиясының жетекшісі, ҚР Халық акыны Әсия Әйіпқызы Беркенова. Университетте өтетін мерекелер, жастар кештері «Өнер» студиясы берген концерттермен әрләне, ажарлана түседі.

Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік жастар саясатын жан-жақты дамытуға байланысты нақты бағдарламалар мен құжаттар қабылданып, түрлі ұйым, қоғам, бірлестіктері жұмыс жасайды. Дей тұрғанмен, аталған талаптардың барлығы қазіргі жастардың бойынан толық табыла ма? Жастар саясатын іске асыру мен айналысатын құзырлы орындар осы талаптар бойынша атқарылып жүрген іс-шаралары қаншалықты нәтиже беріп жүргенін талдап, сараптап, әлеуметтік зерттеулер жүргізіп отыр ма? Әлде, бәрі тек есеп үшін қаптаған құжаттардың бетінде ғана орындалып келеме? Әйтсе де, «ауызды ку шөппен сүртуге» болмас. Қарап отырсақ, бүгінгі жастардың басым көпшілігі аға буынға қарағанда жаңаша ойлайтын тың идеялар төңірегінде креативті дүниелер жасай алатын озық инновациялық технологияларға биім болып келеді. Бұл, әрине, өте қуанарлық жағдай. Дегенмен, осындай бәсекеге қабілетті, интеллектуалды тұрғыдан жетіліп келе жатқан жастарға «мотивация» беретін жаңа тетіктер ашылуы керек сияқты.

Кейінгі кезде «Рухани жаңғыру» идеясы, әсіресе қазақтың алтын бесігі саналатын ауылдарда ерекше қолдау тауып келеді. Бұқаралық ақпарат көздерінен, әлеуметтік желілерден байқағанымыздай, әр ауыл өз топырағынан шыққан елеулі азаматтарын елге шақырып, жас буынға оларды үлгі етіп, түрлі кездесулер мен рухани кештер ұйыдастырылып келеді. Өз кезегінде ауылдан шыққан мықты азаматтар туған жерлеріне шама-шарқынша қолдау, көмек көрсетіп жүр. Мұндай игі істер ел жұртты серпілтіп, жас буынның бәсекеге қабілетін арттырып, оларды ізгілікке тәрбиелейтіні сөзсіз.

Өшкеніміз қайта жанды, ұмыт бола бастаған құндылықтарымыз қайта жандана түсті. Мұның өзі жаңару мен жасампаздық жолында келе жатқан еліміздің кемелді келешегін көрсетіп бере алатын қадамдар екені даусыз. Себебі, өз тарихын ұмытпаған халық қана, мәңгі жасайтыны анық. Сондықтан да бүгінгі жеткен жетістіктерімізді паш ете отырып, өткенімізді естен шығармауымыз қажет. Шындығында да қазақ халқының қазіргі бейбіт өмірі мен ұлан байтақ жері сол батыр бабаларымыздың бізге қалдырған ештенеге тең келмес асыл мұрасы екені сөзсіз.

Еліме еңбек еткім келеді

Мен Кәдірбек Ақбота Жарқынбайқызы Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, Торғай селосында 1997 жылы дүниеге келдім. Отбасымда ата-анам үш сіңілім және екі інім бар. Алғаш мектеп табалдырығын Торғайдағы білім ошақтарының қара шаңырағы саналатын Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп табалдырығын 2004 жылы аттап, аталмыш мектепті 2015 жылы аяқтап шыққан едім. Арқалық қаласындағы Нәзіпа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжіне «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білім алу бұйырды. Колледжге келгеннен бастап қоғамдық жұмыстармен айналыса бастадым. Соның ішінде еріктілік (волонтерлік) және пікірсайыс (дебат) салаларына көп мән бердім. 1 курста жүргенімде колледжіміздің Жастар ісі-жөніндегі комитетінде «Нағыз көшбасшылар одағы» еріктілер тобын құрдым. Сол аталмыш топтың көшбасшысы болдым. Волонтерлармен бірге тәжірибе жинау мақсатында көптеген акциялар өткізіп, форум-семинарларға және де шағын жобалар жәрмеңкелеріне қатыстық. Атап айтатын болсақ көмек қолын созу мақсатында «Ардагерлерді ардақтайық», «Хелпер BOX» т.б. акциялары болса, жастармен «Таза-қала» акциясы да тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады. 2016 жылы қаламызда өткен «Әлеуметтік маңызы бар идеялар мен жобалар байқауына» қатысып, «Мәңгілік ел – мұратым» атты тақырыпта облыстық пікір-сайыс турнирін ұйымдастыруға шағын жоба ұсындым. Жобаның негізгі мақсаты: Арқалық қаласында пікір-сайысты дамыту, облыс пікір-сайысшылары арасында тәжірибе алмасып, достық қарым-қатынасты нығайту болды. Жоба бұл жәрмеңкеде маңызды деп танылып 80 000 мың теңге көлеміндегі қаржымен қаржыландырылды. Қазіргі таңда бұл



облыстық пікір-сайысты өткізу 3 жыл бойы өз жалғасын табуда. Сонымен қатар өз біліктілігімді арттыру мақсатында Павлодар, Қостанай және де Қарқаралы қалаларына барып «Волонтерлік қызметті даму» атты оқу-семинарларына қатысып, тәжірибе алмастым. Волонтерлікпен айналысып жүріп көптеген колледжішлік, қалалық және де облыстық байқауларға қатыстым. Әр байқаудың өзіндік ерекшелігі бар, соның ішінде осы сәуір айында облыстық «Үздік волонтер» байқауына қатысып 20 қатысушының ішінен «Бас жүлдені» иелендім. Бұл менің осы күнге дейінгі еңбегімнің арқасы деп білемін. Осы ретте мен дебат, көшбасшылық, еріктілік салаларында колледжішлік, қалалық, облыстық, республикалық және де халықаралық байқаулардан көптеген жетістіктерге жеттім солардың бір парасы қаламыздың Жастарының Алтын кітабына «Жастар көшбасшысы» номинациясы бойынша ендім. Қала әкімінің «Алғыс хатымен» т.б. марапатталдым. Мен осы жетістіктерім арқылы өзімді танып-біле түсемін. Және өзгелерге бүгінгі қазақ өрендерінің өмір сүру қағидалары ретінде таныстырғанды ұнатамын. Сондықтан мақтан үшін емес, егемен елімнің ертеңі дейтін біз секілді жастардың бет-бейнесі деп те көрсеткім келеді. Әр ісім, әр жетістігім кіші отаным – отбасым мен ұлы отаным – еліме арналады.



**Ақбота КӘДІРБЕК,
Нәзіпа Құлжанова
атындағы
Торғай гуманитарлық
колледжінің студенті**

Әдеби шығармаларға ескерілуге тиіс...



Адамның рухани әлемін, оның адамгершілік бүкіл ішкі сезім қасиеттерін қалыптастырып байытуда әдебиет пен ана тілі пәндерінің атқарар қызметі ерекше. Көркем туындыны толық, терең әрі жан-жақты түсіну оны талдаудың түр-түрін жетік меңгеріп, оларды жоғары мәдениеттілікпен ғылымдық сапада жүргізуді керек етеді. Олардың қай-қайсысында да зерттеушінің алдына әдеби шығарманың шынайы, көркем табиғатын тану мақсаты қойылады. Көркем әдебиет сөз арқылы жасалады. Көркем ойды бейнелейтін тіл құралдарының эстетикалық қасиетін ашу, сыры мен сынын түсіну бағытында аз жұмыс істеген жоқ.

Көркем шығарманың тілі көркем сөз өнеріне ғана тән мазмұнды бейнелейді. Оны ашу стилистикалық талдау арқылы жүзеге асады. Сонда көркем әдебиет тілін стилистикалық талдаудың мазмұны көркем шығармада қолданылған тілдік тұлға бірліктердің мағына мөндерін барлық ендіктегі, тереңдіктегі ауытқулармен бірге ашудан тұрады. Екінші сөзбен айтқанда, тілдік тұлға бірліктердің шығарма мазмұнына қатынасын айқындау - міне, стилистикалық талдаудың мазмұны осы. Көркем

шығарманың идеялық бейнелі мазмұнын автор бейнесімен байланыста болатын, өздерінің мағыналық қабаттасулары арқылы біріккен, қызметі жағынан сараланған тілдік тұлғалар жүйесі құрайды. Сонда стилистикалық талдау арқылы көркем шығарманың идеялық бейнелі мазмұнын бейнелейтін тілдік тұлғалардың қызметтік, эстетикалық өзгеру, ұйымдасу заңдылықтары ашылды.

Көркем әдебиет стилистикасында жоғарыдағы әдістердің бірін көп дәрежеде, бірін аз дәрежеде, бірін негізгі етіп, қалғандарын көмекші етіп барлығын да қолдануға болады. Көркем шығарманың тілдік құрылымын эстетикалық қызмет атқарудың нәтежесінде ерекше түрде ұйымдасқан тілдік қолданыс деп қарайтын болсақ, ол құрылымның өзіндік ерекшелігі оны талдауда көптеген факторларды - таза тілдік, әдебиеттік, тарихи, психологиялық, жалпы эстетикалық ескеруді қажет етеді.

Әсем АЛКЕЕВА,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың
магистранты

ҚМУ студенттері латын әліпбиіне көшуді қолдайды

«...Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық»

ҚР Президенті Н.НАЗАРБАЕВ

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастан қолға алу қажеттігін атап өтті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ тілін латын қарпіне көшіруді талқылау мақсатында А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде қазақ тілін латын қарпі негізіндегі

қазақ тілінің әліпбиін талқылау бойынша диспут өтті.

Аталған іс шараға қазақ филологиясы мамандығы бойынша оқып жүрген студенттер мен журналистика мамандығының студенттері қатысып пікір алысты. Сонымен қатар, әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің оқытушылары А. Барсакбаева, Б.Ахметова, Ш. Төлегенова, Д.Доскенова, қатысты. Студенттер А. Ақылбекова, Н.Қасым, А.Ерболат, А. Нұрман өз ойларымен, ұсыныстарын ортаға салды. Олар қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру идеясын толық қолдайтынын білдіріп, жаңа әліпбиін мұқият қарап, жан-жақты сараптамадан өткізу керектігін айтты.

«Латыншаға көшудің терең қисыны бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай латын әліпбиіне көшу – заман талабы.



Университет өрендері ардагерге Құрмет көрсетті



Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті заң факультеті, Қылмыстық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы, куратор Л.Т.Нурханованың бастамасымен, осы факультеттің 2курс студенттері ағымдағы жылдың 25 сәуірінде Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Владимирович Сурков атамизды өздері арнайы мекемелер арқылы тауып, хал-жағдайын сұрап, қолдан келерлік көмектерін көрсетті. Жастар үй маңайын тазартып, аулада сенбілік жұмыстарын жүргізді. Арнайы барғандықтан азық-түлігін де ала барды. Өз кезегінде студенттердің көмегі мен назарына риза болған соғыс ардагері тәтті-дәмділерін ұсынып, қатты қуанып қалды. Сондай-ақ оларға Ұлы Отан соғысынан есінде қалған оқиғаларын да айтып берді. Кездесудің соңында соғыс ардагеріне куратор Л.Т.Нурханова осы бейбіт өмірде, ашық аспан астындағы өмір үшін алғысын айтып, денсаулық тіледі. Ол кісі келгендерге қимастықпен ұзақ қараған күйі шығарып салды. Кетіп баражатқан біздергі «9-мамыр күні алаңда кездесеміз» деп қоштасып, көзіне жас алды.

Сурков Иван Владимирович 1925 жылы 6 тамызда Қостанай ауданы Янушевқа ауылында дүниеге келген. Әскери атағы – қатардағы жауынгер. Азаматтық мамандығы - ұстаз. Затобольск ауылында тұрады. 1943 жылы 10 сыныптан, сол кездері Тюмень қаласына ауыстырылған, Таллин әскери училищесіне жіберіледі. Ұрысқа бірінші қатысуы Курск-Орел доғасында өтті. 4-ші Украина майданында соғысты. Ол танкке қарсы артиллериялық 14 атқыштар полкінің 35-ші бригадасын-

да әскери қызмет етті. Өз тарапынан Донбасс, Запорожье, Евпатория, Севастополь қалаларын босатуға қатысты. Содан кейін 3 Белорусс және 3 Балтық майдандарының жолдарымен өтті. Ол Риганы, Таллинді босатты. Екі рет зақымданып, ауыр жарақат алды. Соғыс мүгедегі болып келеді. Ие болған марапаттары: Отан соғасының І дәрежедегі ордені, 3-дәрежелі Даңқ ордені, «Ерлік үшін» екі медалі, 12 мерейтойлық медальдары. Соғыстан кейін егіншілік бригаданың есепшісі болып Янушевқа кентінің колхозында жұмыс атқарған. 1951 жылдан бастап Қостанай педагогикалық училищесін бітірген соң Янушевқа ауылында бастауыш сыныптарда ұстаз болып жұмыс істеді, содан кейін 1958 жылға дейін №1 Затобольск орта мектебінде жұмыс істеді. 1959 жылдан 1985 жылға дейін №13 «Қостанайсельстрой» трестінің ҚМБ-да диспетчер, пайдалану бастығы, автоколонна бастығы лауазымында жұмыс істеген. 1985 жылдан бастап құрмет демалысында. Белсенді өмірлік бағдарды ұстанады, өз кезегінде партиялық ұйымның хатшысы, жасақшы, насихатшы болған. Қазіргі уақытта жастарды тәрбиелеуге қатысады. Жұбайы Александра Тимофеевнамен 56 жыл отбасында бірге тұрған. Тағдырдың тәлкегі осы болғандай 94 жасқа келіп жалғыз қалған. Арнайы мекемелердің қарамағында болып, күтуші жетісіне 3 рет келіп көмектеседі екен. Осындай ардақты аталарымыздың тағдырына бейжай қарамайтын жандар әркез көп болғай.

Әнуар КӘКІМЖАН,
ҚМУ-дың заң факультетінің студенті

Білім мен тәжірибе алмасудан қалыс қалма

Өмірде өз мамандығыңызды сүйіп құлшыныспен жұмыс істеуден артығы жоқ шығар, сірә. Әсіресе мамандығыңыз шығармашылықпен байланысты болса шабытыңыз шарықтап озық дүние жасауға ұмтыласыз. Ал халықты тез әрі сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету бұл да бір қажырлы еңбек. Бұл қайнар алапты журналистика дейді. Кәсіби түрде тәжірибе өту барысында өр мінезі мен кәсібилігі арқасында табысқа жеткен ұлттық арна тілшісі Айнұр Омармен танысудың сәті түсті. Сол жолы ыстық ілтипатымен бірнеше сұрағыма жауап беруге келіскен де еді.

- Экрандағы көрсетілген бейненің ар жағында қаншама еңбек жатқанын осы салаға келіп біліп жатырмын. Неліктен газет журналисі емес, телевизия журналисі болуды таңдадыңыз?

- Шынымды айтсам, тележурналист болу ойымда жоқ еді. Бала кезіміз 1990 жылдарға тұспа-тұс келді. Ауылдағы кеңестік телевизорлар да дәл сол уақытта қараң қалып, күйіп кетті. Біздің ермегіміз ойын болатын. Күндіз өзіміз көрген сериалдың кейіпкерлерін қайталап ойнаймыз, кешке жарық өшеді, ол кезде айқайлап ән айтамыз не шамның жарығымен кітап оқимыз. Мен қалада дарынды балаларға арналған гимназия интернатта оқыдым. Ол жерде талап күшті, тәртіп қатан. Сабақ, түрлі үйірмелер, олимпиада, дебат, дайындық. Тіпті сол кездерде қандай бағдарламалар болғанын да білмеймін. Кімге еліктедіңіз деп сұрай қалса, әлбетте ешкімді атай алмаймын. Журналист болам деп, 15 жасымда шешім қабылдадым. Болдым да. Бірінші курста облыстық телеарнаға бақ сынауға бардым. Сонда қалып қойдым. «Қия алмадым, қимадым» болып әлі жүрмін. Осылайша жазудан қол үзіп қалдым.

- «Qazaqstan» ұлттық арнасының ақпарат бөлімі бұл бір өзінше қайнаған қазан дерсіз. Ұлттық арнаның ұжымына қалай келдіңіз?

- Ұлттық арна мен үшін қатты ыстық. Себебі мен дәл осы жерде қабілетімді шыңдадым, тәжірибе жинақтадым. «Апта» ақпараттық сараптамалық бағдарламасының дирекциясына алғаш келгенімде уақыт деген нәрсеге тәуелді болатынымды түсіндім. «Апта» өзі, негізінен журналистің арқасындағы жүк. Жүк – аптаның басынан бастап әбден жиналатын жаңалық. Сол жүкті көркем де түсінікті жеткізу бұл біздің



міндет. Ұжымның бірлескен жасаған жұмысы көрермен назарынан тысқары қалған емес.

- Сіз үшін бұл арнаның басқаларға қарағанда қандай ерекше тұстары бар деп ойлайсыз?

- Ең бірінші бұл әрине ұлттық арна! «Жетінші арнада» жұмыс істеп жүрген кезімде сараптама жасау көбірек кездесетін. Уақыт деген тығыз болатын. Бірде «Нысана» бағдарламасына сюжет жасап жүрген кезім. Кейіпкерім бір жас жәбірленген қыз бала болатын. Онымен әңгімелесіп басына түскен ісі жайлы талқылап екеуіміз соны түсіретін болып келістік. Бірақ жеме-жемге келгенде кейіпкерім тайқып шығып сұхбат бермеймін деді. Хабарласу мүмкін болмай қалды. Содан не керек, тез арада орнына басқа бір қызды тауып алып камераға теріс қаратып, айтқан сөзін қайталап айтты. Әйтеуір, алып шықтық. (күлді) Ең қызығы алда. Эфирге материал шыққан соң маған бір кісі қоңырау шалды. Ол кісі жәбірленуші қызға көмек бергісі келетінін айтты. Ал, енді не істемекпін? Қалай түсіндірерімді білмей, дал болдым. Ақыры соңында ол қыздың байланысқа шыққысы

келмейтінін айтып, жай-жапсарды білдірдім. Сондай тығырықтан лезде шығу секілді жайттарды шешудің жолдарын қарастыруды үйренеді екенсің. Журналист болудың да ерекшелігі сонда шығар.

-Иә, қызығы мен шыжығы көп сала екені белгілі. Ал әйелдер қауымы үшін бұл саланың жүгі ауыр ма?

- Оңай емес. Әрине, үйдегі тіршілік пен жұмысты қатар алып жүру деген нәзік жандылардың арқасына батады. Дегенмен мен өзімді тек дәл осы салада елестетем. Қазақтан шыққан тұңғыш журналист қыз Нәзипа Құлжанованың апамыздың жолын қуамыз деген ниеттеміз.

-Тура бір жыл бұрын «Тұмар» телевизиялық бәйгесінде жеңімпаз атандыңыз. Сіздің ойыңызша, үздік журналистер қатарынан көріну үшін не істеу керек?

- Халықтың мұң-мұқтажын көрсетіп, көмек берілген кезде ғана шынайы журналистің бейнесі айқындалады. Ең бірінші өз-өзінді әрдайым дамытып отыру. Жаңа дүниелерді үйренуге құлшыныс білдіру. Мысалы қазіргі таңда мультимедиялық журналистика қарқынды дамып келеді. Көштен қалмаймын десеніз, бұл салаға көбірек көңіл бөлу керек деп ойлаймын. Мультимедиялық журналистика бұл қарапайым тілмен журналистің жан-жақты видео, дауыс, бейнемен үйлесімді жұмыс жасай алуы. Бұл шетелде бұрыннан бар.

- Біздің телеарналар қоғамның шынайы бет-бейнесін қаншалықты бере алып жүр?

- Қазір ақпарат түрліше тарап, түлі реңк алып жүр. Сенімді ақпарат көзін табудың өзі қиын. Әр телеарна өз шамасына қарай жаңалықты жылдам әрі сапалы жеткізудің жолдарын қарастырады. Бірақ қоғамда қалыптасқан ахуалды бере алады деп айтуға болады. Келіп түскен жаңалықтар легі тексруден өтіп барып эфирге шығады. Кей кездері түзетулер мен ескертулердің әсерінен шынайы ақпарат басты назардан қалып жатады. Бірақ бұл мүлде сенімсіздік дегенім емес, бұл біздің қазіргі таңдағы жағдайымыз.

- Алдағы онжылдықта журналистиканы қалай елестетесіз?

- Дәстүрлі журналистика қалады деп нық айта аламын. Жаңа технологиялар ауқымы кеңейіп, жетер жетістігіміз де молаяды. Журналистер қазіргіден де белсенді, ашық қоғаммен бірлесіп жұмыс істейді. Сондықтан білім алу мен тәжірибе алмасудан қалыс қалмауға тиіспіз. Шетелде бар дүниені, өз елімізде де жаңғырту бұл келешектің парызы.

**Сұхбаттасқан Әйгерім ШАЯХМЕТОВА,
А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың
журналистика мамандығының студенті,
Астана**



ПОСТМОДЕРНИЗМНІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ АРНАЛАРЫ

Модернизмнен кейін келген немесе модернизмнің орынын алмастырған бүгінгі таңда өнер мен мәдениетте, философияда, әдебиетте және т.б. ғылым салаларында ең көп талқыланатын өзекті мәселе постмодернизм құбылысы болып табылады.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарында батыс елдерінде белең алған бұл ағым кешегі кеңестік, бүгінгі ТМД елдерінде тоқсаныншы жылдары сөз бола бастады. Әлемдегі рухани-мәдени құбылыстардың қазақ әдебиетіне де өзіндік ықпалы болды. Дүниежүзілік әдеби-мәдени үдерістегі модернизмді постмодернизммен ұштастыра қарастыру қазақ әдебиеттану ғылымында да көрініс берді. Бақытжан Майтановтың «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар», «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм», А.Ісмақованың «Бүгінгі постмодернизм», «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», Ж.Жарылғаповтың «Постмодернизм қандай құбылыс», Г.Елеукуенованың «К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950-1980-х годов XX века», Әуезхан Қодардың «Постмодернизм жөнінде бірер сөз», Ж.Шәкеннің «Жаңашыл жастарға жаңа ағым жайында айтар сөз», Сәруар Қасымның «Қазақ поэзиясындағы постмодернистік көріністер», Әбіл-Серік Әліәкбардың «Постмодернизм қазақ әдебиетінде (Д.Рамазан шығармашылығына қатысты тұстарынан үзінді)» т.б. мақалалардан постмодернизмнің мәселелерін сан қырынан қазақ әдебиеттану ғылымы да зерттей бастады. [1, 1056]

Қазірде әдебиеттегі постмодернизм терминін естігенде ең алдымен интертекст, автор өлімі, хаос, белгісіздік (неопределенность), үзіп алынған сәт (фрагментарность) (А.Ісмақова), деканонизация және т.б. сынды қым-қиғаш ұғымдар елес береді. Көпшілікті қинайтын да осыдан туатын сұрақ: «Постмодернизм дегеніміз өзі не, ол қайдан, қалай, не үшін туындап отыр, кімге қажет болып отыр?». Шетелдік ғалымдардың бұл ұғым жайлы көзқарастарын былай қойып өзіміздің ғалымдарымыздың жазушыларымыздың көзқарасы үшке жарылады. Бірі постмодернизмді жақтап, қолдап отырса (Ә.Қодар, Ә.Бөпежанова, Т.Әсемқұлов), екіншісі түбегейлі қарсы шығып, мойындамай отыр (Ә.Тарази, А.Әлімұлы), ал үшінші топ ғылыми салқынқандылықпен оның бар болмысын тануға, танытуға талпынып отырған бейтарап топ екенін көреміз (С.Қасқабасов,

А.Ісмақова, Б.Майтанов, Ж.Жарылғапов). Біз үшін ең табысты жол үшіншісі екені анық. Бірақ бұл жерде де біршама сұрақтардың жауапсыз екенін ескеруіміз қажет [2].

Мысалы, академик С.Қасқабасов постмодернизм туралы: «Шынтуайтына келгенде модернизм дегеннің өзі – жаңа деген сөз. Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгіміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Ол үшін өндіріс өте мықты дамып, капитализмнің ең биік шыңына жетіп, бүкіл өмірдің бәрі индустриялануы керек, қалалық ұлт болып қалыптасуымыз керек. Сосын бүкіл қалалық өмір мен далалық өмір араласып, құжынап жатуы тиіс. Бірақ біз оған жеткен жоқпыз. Сондықтан постиндустриялық қоғам болмай тұрып, постиндустриялық қоғамның өмірін суреттей алмаймыз. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана. Кейіпкердің сандырақтауы, елес көруі, болмаса кейіпкердің басқа бір нәрсені ойлап, басқа бір әлемге шарлауы, осының бәрі шындап келгенде, өз әдебиетіміздің әсерінен шыққан нәрсе» деп тұжырымдайды. [2, 736]

Әуезхан Қодар постмодернистік философия, ең алдымен, классикалық философияға қарсылықта қалыптасты дейді. Ал, мұндай философияның алғашқы негізін қалаған экзистенциализм деп ойлап, әлемдегі атакты философтар Сартрдың «существование предшествует сущности», яғни тірлік ету дегеніміз мәнді болу емес, бар болу, сондай-ақ Декарттың «Менің ойланғаным – менің өмір сүргенім» деген пікірлерін келтіріп, «экзистенциалистер ойлау үшін алдымен бар болуым керек» деген концепциясын алға тартып, ой мен болмыстың екі басқа екенін, адамның мәңгі мән емес, өлу үшін туылатынын ашып береді. Содан соң Хайдеггердің «Человеческое бытие – это бытие к смерти» – қазақша айтқанда, адам болмысы – өлімге адымдау тұжырымдамасын келтіре, ой мен тірлік бөлінгесін, олардың әрбіреуі өз құбылыстарын туғызатынын. Тірлік өмір сүру құралдарын туғызса, ой кітап, өнер, түрлі мәтіндерді туғызады. Ал, постмодернизм дегеніміз – осы таза мәтіндік-танбалық өнер туындыларымен айналысатын ой машығы. Осылайша өсе келе ол енді экзистенциализмнің өзіне де қарсы шығады, – дей отырып, өз тұжырымын постмодернизм – классикаға да, классика емес нәрсеге де

өзін қарсы қоятын «қазіргіден кейінгі» құбылыс деп түйіндейді [4,240-241б]

Постмодернизмнің сыртқы көрінісі қандай деген сауалға жауап беретін болсақ, ол – өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту. Я болмаса, елес қуып, адамның екіге бөлінуі, екі ойлы болуы, сандырақтап бір нәрсені айтуы [3,4б]». Бәрі түсінікті бірақ кеудеде бірден туатын сұрақ «неге? не үшін?». Яғни, «өмірдің бейнесінен алыстап кету, ойда жоқ нәрсені айту, елес қуып, адамның екіге бөлінуі, екі ойлы болуы, сандырақтап бір нәрсені айтуы» не үшін әдебиетке келді, қандай қажеттіліктен туды? Ондай жазуды эстетикалық талап дәрежесіне жеткізген не? Дәл осы сұрақтарды ғалым А.Ісмақованың: «постмодернизм – белгілі-бір ғылыми теориялық, философиялық, эстетикалық пайымдаулар кешені. Постмодернизм – қазіргі менталитеттің сипаттамасы, дүниетанымдық тәсілі». Постмодернизмде «...бәріне күдікпен қарау – әлемді танудың кілті іспеттес. Маңаймыздағының бәрі жалған, әрбір өтірік өзінің уысында шындықтың бір бөлшегін сақтауда, ал әрбір ақиқаттың өзінде бір тамшы болса да у бар деп санайды бүгінгі постмодернистік авторлар [5, 65б]» – деген пікіріне қатысты да, ғалым Ж.Жарылғаповтың: «Постмодернизм – постәдебиет. Яғни дәстүрлі әдебиеттен кейінгі құбылыс. Бұл – антижүйе. Бұрынғы әдебиеттен оқырман өзінің арман-аңсарларын табатын, жазушы өмірдің мәнін түсінуге көмектесетін. Қазір тек қана әдебиеттің дүниесі, мәтіндердің жиынтығы болып қалды. Мұндай шығармалардың тәрбиелік, гуманистік ролі туралы да ойланатын кез келді [6]» – деген пікіріне қатысты да, ғалым Б.Майтановтың: «постмодернизмдегі ең басты дүниетанымдық ерекшелік – керітартпа романтиктердегі сияқты өзіне таныс өмір сиқынан түңілушілік. Олар айналаны өзгертуге де тырыспайды. Бәрін шарасы таусылған көзбен, тіпті бейтараптықпен, қадыры кетілген көбінесе өзіне қаратылған ащы мысқылмен (самоирония, тіпті самопародия) топшылайды. Үкім айтуға ұмтылмайды. Сырт қарап қана ілбіп отыратындай. Шын мәнісінде бұл сияқты бетперденің (маска) ішінде керемет қарсылық тулап жатады [3]» – деген пікіріне қатысты да қоя аламыз. Айтпағымыз, постмодернизмді алыстан бағалап, оның әдебиет алаңында туындауына әсер еткен тарихи-әлеуметтік аспектілерді ескермей, дәл осы уақыттағы ғана кейпін оған қарама-қарсы тұрып сипаттаумен, түсінуге талпынумен барлық сұрақтың жауабын тауып, постмодернизмнің табиғатын ашып берудің беймүмкін екендігі болып отыр.

Постмодернизмде күдік мәселесі ең басты нысынаға алынған. Ал, оның сөз өнеріне әкелер жаңалығы мен жетістігіне көпшілік күмәнмен қарайды. Осы орайда әдебиеттанушы Айгүл

Ісімақова: «Қазіргі постмодернизмнің бет алысы анық болғанымен, берері әлі түсініксіз. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Жауап әлі белгісіз. Бүгінгі бұл ағым өкілдері - тек осы заманның ғана авторлары. Олар өздеріне дейін мойындаған дүниежүзілік әдебиет қорына әсер ете алмайды. Бірақ бүгін бар әдеби құбылыс ретінде оны осылай есепке алып, қабылдау керек», - дейді [5,70б].

Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік эстетикалық жүйесі гиперболизациялауды, метафоралық трансформацияны, аллегория жүйесін, контрастылық ойынды, абсурд формасын, гротеск, фантастиканы, философиялық-образдық қатарды күрделендіруді белсенді қолдануға көшкен. Жазушыларымыздың мұндай еркіндікке ие болулары әдеби ойынның барлық деңгейде: оймен, сюжетпен, идеялармен, аксиологиялық санаттармен жан-жақты араласуын туындатады. Әдебиеттің танымдық, коммуникативтік, тәлім-тәрбиелік, адамгершілік-этикалық, эстетикалық функциялары бұрын болып көрмеген өзгеріске ұшырап отыр. Дәстүрлі әдебиетте қаламгер оқырманға әлем келбеті мен адамзат туралы ұғымды сіңіруге талпыныс жасаса, енді бұл әдіс-тәсілдер ескіріп, автор оқырмандарына түрлі ситуацияда өзінің интеллектуалды ойынын таныта бастады. Әлем өзгеріске ұшырап, ақиқат қажетті емес, шындық анықталмайтын әдеби дәуірге аяқ басты. Ғалымдар қазақ әдебиетінің жай-күйін екі қырынан қарастырылуын мензеп отыр. Оның бірі – реалистік дәстүрден бас тартушылық болса, екінші жағынан, осы көркемдік жүйенің кең ауқымды мәдени құндылықтарын саралап, төл әдебиетімізге енгізудің үрдісін зерделеу болып табылады.




Айман СЕРІКХАН,
ҚМПИ-дың филология мамандығының
студенті
Ғылыми жетекші: Гүлмира Сейсембай.
ҚМПИ, қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы

Кітап оқығанды ұнатасыз ба?

Қостанайлық жастардың дәстүрлі жақсы бір бастамалары бар. Мысалға, оқу мен білімге, өнер мен спортқа шақыратын ресмиі бар, бейресмиі бар клубтар мен шығармашылық орталары кездесіп жатады. Солардың бірі де бірегейі – Кітапқұмарлар клубы. Негізін салған әдебиетке жаны жақын, филолог Жансая Сексенбай есімді студент. Бұл клубтың жұмыс істеп келе жатқанына 2-3 жыл болды. Онда Қостанай қаласының жоғарғы оқу орындары мен колледждерінің студенттері мен ересектер жиі жиналып отырады. Таңдалған кітаптар мен

тақырыптары секілді жиналатын орындары да әр алуан. Әңгіме дүкен құруға ыңғайлы орындардан бөлек табиғат аясында да кітап оқып, оны талдағанды жаны сүйетін жастар - клуб мүшелері. Шығармашылықпен айналысқысы келетін, кітапты сүйіп оқитын қостанайлықтар ешнәрсеге қарамастан жастардың ортасынан орын алуларына болады. Ал бүгінгі санымызда клуб белсенділерінің оқыған кітаптары жайлы жазған пікірлерін ұсынып отырмыз. Оқып, ой түйіңіз. Сіздің де айтарыңыз болса бізге жолдауды ұмытпаңыздар!



Мұхтар Мағауин «Жармақ»

Жаңашылдығымен, стильдік ерекшелігімен көзге түсер постмодернистік бағытта жазылған шығармалардың арасынан бірден еске оралатыны Мұхтар Мағауиннің "ЖАРМАҚ" романы.

...хикаятымыздың әуелгі, тума атауы - "Қилы тағдырлар" екен. Одан соң "Көлеңке", "Сыңар",

"Астар"... Ақыры "Сүлде". Біз ешқайсысын мақұл деп таппадық. Бәрі де жөн, бірақ тақырыпты толық қамтымайды. Сондықтан өз тарабымыздан басқаша атауды жөн көрдік. "Жармақ". Яғни, бүтіннің бөлшегі. Екінші жарымы. Сөйтіп, ежелгі тіліміздегі тағы бір заттық атау қайта тірілді. Ең бастысы - жаңа шығармаға өз үлесімізді қостық", - дейді автор.

Бар гәп жарықтың сөнуінен басталады. Жұмыс үстелінде алаңсыз қағаздармен айналысып отырған Мұрат бастапқыда жарықтың

сөнгеніне мән бермейді. Бұл жолғы жарықтың өшуі өзгеше, тылсым, қою қараңғылық айналады құшағына орай, түпсіз тұңғыққа тартып бара жатты. Жарық қайта қосылғанда, өзінің тар жазу бөлмесінде емес, самсаған сәулемен көмкерілген әсем сарайда, тек қана байбағландар жиналған жиынның ортасынан бірақ шығады. Бір қызығы бұл кештің иесі өзінен ауымайды. Сынары дейін десе - тумысынан жалғыз.

Бір адам. Бірақ екеу. Бірі - Мұрат Бейсенұлы Қазыбеков, екіншісі (жармағы) - Марат Бейсенұлы Қазыбеков. Мұрат - оқуға түскен жылдан бастап, ғылымға икемділігін танытып, бар өмірін тарих ғылымына арнаған азамат. Марат - "республикадағы бүткіл халықтың теңдігі, бірлігі үшін, яғни қазақтың пайдасы - елдегі ынтымақ пен тыныштық жолындағы күрескерсымақ" кейпіндегі арамза жан. Ары қарай екі кейіпкердің, дұрысы жалғыз адамның қалқа жарылған тағдыры туралы.

Романның оқиғасы қазақ оқырманына тосын болып көрінуі мүмкін. Ішкі тұлғаның екіге жарылуы сіздің санаңызды да екіұдай күйге салады. Сол сияқты екі кейіпкердің өн бойындағы қарама-қайшылықтың электронды хаттар арқылы өрбуі сынды постмодернизмнің элементтері шығарманың мазмұнын толықтыра түседі.

Серікхан Айман

Қабдеш Жұмаділов «КӨКЕЙКЕСТІ»

1. Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың алғашқы романы. Шығармада тіліміздің бай лексиконы көркем мәтінді құрайды, демек, туынды оқырманның сөздік қорын көбейтуге ықпал етері сөзсіз.

2. Туындыда атақ-даңқ, туған жер, еңбек, адал достық, махаббат сияқты фундаменталды құндылықтар табиғаты керемет ашылған.

3. Одан кейін тағдырға сену. Пойызда кездейсоқ кездескен Қарлығаштың анасы бас кейіпкердің анасының жақын құрбысы болып шығуы, екі ананың уәдесі орындалып Қарлығаш пен Жәнібектің ғашық болуы. Махаббат-ұлы сезім. Адалдық, сенім оның басты қаруы.

4. Романның тақырыбының өзі ауқымды. XX ғасырдағы қазақ қоғамында орын алған көкейкесті мәселелерді бір романға тоғыстыра білген. Бұл - жазушының шеберлігі.

5. Өмірлік азық алар туынды. Тәрбиелік мәні өте зор шығармадағы арман-мақсаты биік, еңбекқор кейіпкер Жәнібектен үлгі алуға болады.

Кенжегүл Сұлтанғалиева

Оралхан Бөкей «ҚАР ҚЫЗЫ»

Шығарма оқырманды өзіне баурап алады. Құдды сол кейіпкерлермен бірге тыныстағандай боласың. Оралхан Бөкейдің "ҚАР ҚЫЗЫ" повесі Алтай өңіріне қалың қар түскен уақытты суреттеуден басталады. Басты кейіпкерлер - Нұржан және оның достары Аманжан мен Бақытжан. Ең қызығы 3 жігіт 1946 жылдың серілері, бірақ әкелері соғыста қайтыс болған. Ауыл басшысы бұларды шалғайдағы ауылдан ДТ тракторымен күзден қалған шөпке жібереді. Сол түні Нұржанға белгісіз қыздың сұлбасы көрініп (қар қызы), онымен тілдескені, қар қызының сыңсы салған әні құлағына келіп, өңі мен түсін ажырата алмай шошынады. Жолға шыққан жігіттерге 2-3 күндей уақыт өтіп Құдайқонақ болуға бір ауылда жалғыз шаңырақ шалдың үйіне тоқтайды. Сол үйде түнеуге әрең рұқсат алған жігіттерді сұмдайы шал жолдарынан адастырып, теріс бағыттағы жолға көрсетеді. Шалға алданғанын сезген олар 40 градус сауықта үсіп, ұйқтап бара жатқан жерінен Нұржанның құлағына Қар қызының сыңсу салған әні оянуларына себеп болады. Жігітер өлім мен өмір арасында жантала-сып, оңайлықпен берілмей, суықтан да, қасқырдан да аман қалып, өз жолдарын тандап үшке бөлініп кетеді.

Үш достың неліктен бұлай еткенін білгіңіз келсе оқып көруге ұсынар едім!

-Жазушы повесте соғыстан кейінгі өмірді, ол кездегі адамдардың тұрмыс- тіршілігін реалистік тұрғыда бейнелеген.

-Адам басына қандай қиындық тусада сенім оны алып шығарын психологиялық жағынан ұқтырған.

- Қиындықты бірлесіп жеңген достықтың күшін дәлелдейді.

-Рухпен сезінген шынайы махаббатты көрсеткен(Шындығында Нұржанның мақсаты шөпті әкелу емес, Қар қызын іздеу). Осы повестен соғыстан кейінгі шынайы оқиғаларды, достықты, махаббатты, мифтік сенімді, психологиялық ішкі қайшылықтарды таба аласыз! Повесте оқиғалар сан түрлі құбылып, оқырман оқыған сайын өзіне жаңалық ашып отырғандай күй кешеді. Демек, автор өз ісінің шебері екені сөзсіз.

Ал сіздің Қар қызы жайлы аңыздарды естуіңіз бар ма?

Әсия Оразбекова

Егізе Тұрсынов «МӘМЛҮК»

Туынды XIII ғ. Мысырдың (Араб халифаты) әмірі болған сұлтан Бейбарыстың күрделі өмір жолын баян етеді. Романда кейіпкердің есімі Мақытбек деп аталған. Дешті-қыпшақ даласының перзенті жат жұртқа тұтқын болып барып, сол елдің билеушісіне айналады. Мақытбек қандай қиындық көрсе де жеңіп шығуға көмектесетін тек Алла деп ұғып, құдайдың адал құлдарының бірі болған. Әр оқиға, әр бөлімді оқыған сайын кейіпкерлер соңынан ілестіре отырып, ескі тарих тіл қатып, көненің үні естілгендей болады. Адамның өзін-өзі жеңе білуі, ерік-жігері және тағдыр талайы бір жерде түйіскен. Жауынгерлік тәртіп, соғыс философиясы турасындағы ойлар афоризмдерге жарап-ақ тұр. Біздің жайбарақат өмірімізбен салыстырғанда адам айтса сенгісіз жағдайлар таңғалдырмай қоймайды. Мәселен, құл базарында жүргенде тұтқынға түссе құтылып шығу үшін Мақытбектің тілерсегіне ұстара тігіп қойған. Ол ұстара кейін қолбасшы болғанда кәдеге асады.

Менің ең үлкен жетістігім 2 күнде 390 беттік шығарманы оқып тастадым. Мұның себебі оқиғаның қызықтығы, ой-орамдарының тереңдігінен. Режиссердің туындысы болғандықтан, оқи отырып фильм көргендей сезіндім. Автор тарихты терең зерттеп, Мысыр елінде әмірші туралы көп ізденген. Сондықтан 10/10 деген баға беремін. Тарихи тұлғаларды осындай көркем шығармалар арқылы насихаттаған жөн деп санаймын.

Кенжегүл Сұлтанғалиева

Тұрысбек Сәукетаев «МЕН ЖЫНДЫМЫН»

Бұл роман жындының қолжазбасынан "көшірілген". Әйгілі "Нархозды" қып-қызыл дипломмен аяқтаған экономистің басына кірпіш түсіп, жазушыға айналып шыға келеді. Қызықтың бәрі содан басталады. Оның құлағына "қара шал" сыбырлағанда, тіпті жазғанынан өзі шошынатын өмір шындығы тіріледі. Бүгінгі қоғамның қоспасыз келбетін жындының жазбасынан көргенде, алдымен күлесіз, кейін күйінесіз, артынан күрсініп, кектенуге дейін жетуіңіз ықтимал.

Нендей оқиғалар баяндалатынын ішіңіз біліп отырған сияқты, солай ма?

Иә, өз қолымен жасаған құдіретіне (ақшаға) өзі табынып, ес-ақылынан айырылған дала мен қала тұрғындарының тынымсыз тірлігі тарқатылады. Оның ішінде шала сауат депутаттан бастап, беделсіз басшы, жалтақ жазушы, толып жатқан медаль, алғыс хаттардан коллекция жасайтын әкімдер, сауда жасап жан баққан ғалымдар, ажарымен арбайтын орыс әйел, төңкерісшіл қырғыз да кездеседі.

Дегенмен, бұлардың арасында да "адам сияқты адамдар" бар екен. Мысалы, үрейлі мекемеде істесе де, біреуге саям тиер деп жаны ашитын тәртіп сақшысы, "таспен ұрғанды, аспен ұрар" наубайшы апа, әріп танымағанымен көкірек көзі ояу ауыл баласының образдары ішті жылытады. Айналасындағы осынша жағдай жындының жанын сарсаңға салып, жұрт қатарлы кешіп жүрген өзінің "жайлы өміріне" жат қып тынады. Жындының бар айыбы- "ештене ойлама, көрме, сөйлеме" деген заманда ізгілікке сүйініп, зұлымдыққа күйініп, қиянатқа қарсыласып, меңіреу қалыптан бас тартуында ғана... Мұның барлығын біз күнде көріп жүрміз. Тек дәл мендей сезініп, түйсінгіңіз келсе, "Мен жындымынды" оқып көріңіз. Санаңызды селт еткізіп, ең болмағанда өмірге сын көзбен қарауға жетелері сөзсіз.

Шыңғыс Айтматов «ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАЙ ЖҮГІРГЕН ТАРҒЫЛ ТӨБЕТ»

Нивхтар, нивхылар, гиляктар (өз атаулары – «адам») – Ресей Федерациясындағы Сахалин мен Амур өзенінің төменгі ағысын мекендеген ежелгі тайпалардың тікелей ұрпақтары. Жалпы саны – 4,6 мың (2000). Үлкен моңғолоид нәсілінің солтүстік-азиялық типіне жатады.

Уикипедия осылай сайрап тұр. Жалаң цифр, құрғақ ақпар. Ал нивхтардың бір әулетінің тағдырын, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі жайлы тереңірек "Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет" повесінен біліп алуға болады. Атасы, әкесі және немера ағасымен аңшылық кәсібін игеру үшін теңізге шыққан арманшыл баланың алғашқы сапары қандай тосын сый жасаған екен? Айналасы шексіз теңіз бола тұра, бір жұтым суға зар болу қандай қасірет екенін ойлай беріңіз. Хикаяның шешімі қайғылы, бірақ үміт сыйлайды. Адамзаттың Айтматовты тудырған бұл шедевр – аңызға бергісіз



хикая, мифтік қабаты қалың эпсанамен тең. Байырғы дүниетанымды еске алып, адам психикасында, санасының түбінде сақталып келген архетиптерді жаңғырту арқылы қаламгер бүгінгі адамзаттық маңызды мәселелерді көтере отырып, ізгілік мұраттарды үлгі етеді. Табиғат пен Адамды тең деп түсінген баяғы танымнан өрбіген жан-жануарлар әлемімен, тіршілік атаулымен үйлесімде өмір сүру ұстанымдары адам баласы үшін қаншалық маңызды екенін Ш.Айтматов Балық-әйел мен Лувр үйрек туралы мифтік желілерді шығарма оқиғасына енгізу арқылы аңғартады. (Ж.Әскербек)

Сөйтіп, көнеден жеткен көп сарын бір арнаға тоғысыпты: дүние жаралғалы бері толастамаған тіршілік үшін күрес заман ақырға дейін жалғаса бермек. Мәңгі бақи... Қиялының шегі жоқ, ойы озық оқырманды бұл кітаптың бей-жай қалдырмасы хақ.

Зейнеп Ахметова «ШУАҚТЫ КҮНДЕР»

Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының өмірінен, ерліктері мен асқақ

даңқынан сыр шертер естеліктер бүгінге дейін аз жазылған жоқ. Дегенмен, батырдың биік тұлғасы қарапайым өмірде, отбасында қандай болғанын жалғыз баласының жұбайындай ешкім сипаттай алмас еді.

Бұл кітапта Бауыржан Момышұлының бекзат болмысы өзге қырынан суреттеліп, ұрпақтар сабақтастығы мен тәрбие тұнығы бір арнаға тоғысқан Момышұлы шаңырағының қымбат естеліктері шынайы дәріптеледі.

Зейнеп Ахетовадай текті ананың құнды еңбегін оқи отырып отбасы институтының ғажап үлгісіне қанық боласыздар: есіктен енген әрбір мейманның күтілу әдебі, жас келіннің алғашқы үрейлі күндері, Бауыржан атаның ерекше әдеттері, қайталанбас кісілік қасиеттері, отбасының игі дәстүрлері, баба мен ұрпақ арасындағы сабақтастық, немересі Ержанның тәтті қылықтары, биік адамгершілік қасиеттер, абысын татулығы және көптеген жөн-жоралғылар жайлы. Осы орайда, қыз-келіншектерге қажетті кеңестер мен келіндік қызметтің қыр-сырын да осы кітаптан табуға болады деген ойдамын. Ал ерлер қауымы, сіздерге мінез -құлықтарыңызға сырт көзбен қарап, тиянақты әрі берік болмысыңызды қайрап алуға кітаптың көмегі тиері сөзсіз.

Жансая Сексенбай



Meshit ҒАЗИЗҰЛЫ

Meshit Ғазизұлы 1982 жылы 8-қыркүйекте дүниеге келген. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты. Қостанай облыстық меценаттар клубының «Шабыт» сыйлығының иегері. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі. Қазіргі уақытта «Наш Қостанай» қалалық газетінің бас редакторы болып қызмет істейді.

НҮКТЕ

Ей, тағдыр, сөкпе де, тек теме,
Тұншығып өтейін өкпеме.
Тұрлаусыз сөйлемдей тұғырым,
Жарытпай қойдың-ау нүктеге.

Үмітпен үздігіп қараймын,
Сәулесін аңсаумен арайдың.
Аздаған мұрсат бер әуелі,
Тым құрыса леп боп қалайын.

Сан сұрақ мазалап түбінен,
Тағы да нүктеге жүгінем.
Жыртылған жүректі жамаймын,
Үзілген үміттің жібімен.

АУЫЛ

Саумалынан сіміріп сауындықтың,
Қайран ауыл сырынды тауыңда ұқтым.
Қамықтырды қаланың тіршілігі,
Себебі, мен мәңгілік ауылдықпын.

Мазалайды санамды сұрақ күшті,
Сезінгенде өзіңнен жырақ күшті.
Қоштасарда Алтайдың бөктерімен,
Мұзға айналып бір тамшы құлап түсті.

Сағыныштан сенделіп ертесінде,
Көз жүгіртем кең далам көрпесіне.
Өзектегі өмірім өлең гүлім,
Қол бұлғап тұр Алтайдың өркешінде.

ҚАМЫҚПА КӨНІЛ

Қамықпа көңіл қайтпексің енді қамықпа,
Келе-алмай менде отырмын бүгін қалыпқа.
Жолаушыдаймын тұйыққа келіп тірелген,
Алдымда не бар, ертеңім маған анықпа.

Ойларым қалды артымда менің көнегей,
Жоқ деуге сені бұл жүрек енді сенеме ей?
Жабырқап жүрмін жаутаңдап жанар жылаумен,
Жағалаудағы жүзе алмай қалған кемедей.

Махаббат сезім болмаушы еді тозғаны,
Іштегі сырды жыр дауыл келіп қозғады.
Сеземін сәулем жат болып әлі-ақ кетерсің,
Көнемін қайтем тағдырдың осы жазғаны.

Жыласа сезім көз жасым қалмас құрғамай,
Тағдырдың мені қияға әкеп ұрғаны-ай.
Өмірдің мынау заңдары неткен қатал еді,
Кездесу мен қоштасулардан тұрғаны-ай.
(Қоштасулар мен кездесулерден тұрғаны-ай)

СЕЗІМ ЖЫРЫ

Сезімім тұр төгілуге шақ қалып,
Қолдан ешкім жасамайды-ау бақты анық.
Бүгін түскен ақшақармен жердегі,
Қандай сезім жатыр кен тапталып.

Өмір шіркін күткендейін кезегін,
Жылылықты тек жүзіңнен сеземін.
Махаббаттың жылуына шарпылдым,
Өтінемін өртенбесін өзегім.

Бір өзіңе арналады жыр-әнім,
Сенің атың аузымдағы ұраным.
Көшедегі қар жамылған қайыңға,
Сен екен деп ұзақ қарап тұрамын.

* * *

Есінде ме?
Сезімге толы керемет, біз қыдырған бақ қандай,
Күрең күз келіп сүренсіз іздерді сол бір
жапқандай.

Күз болса тұрам елеңдеп асыға күтіп біреуді,
Мен шығып кеткен есіктен сен кіріп келе
жатқандай.



Батырлан САГЫНТАЕВ

Сагынтаев Батырлан Жұмабайұлы 1994 жылы қаңтар айының 27 жұлдызында бұрынғы Торғай облысы, Аманкелді ауданы Есір ауылын-

да дүниеге келген. 2000 жылы осы ауылдағы Н.Мейірманов атындағы тоғыз жылдық негізгі мектептің табалдырығынан аттап 2009 жылы үздік тамамдап, 2009-2011 жылдар аралығында Аманкелді орта мектебінде оқуын жалғастырған. 2011-2015 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық Мемлекеттік Педагогикалық Институтының Филология және педагогика факультетінің «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша білім алған. Қазіргі уақытта Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының ғылыми қызметкері.

Әр жылдары өткен аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық, республикалық айтыстар мен жыр мұшайраларының жүлдегері.

Қостанай облысы жастарының «Алтын кітабына» және республикалық «Қазақстан үміттері» кітабына есімі жазылып, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай облыс әкімінің мадақтамасына ие болған.

Түрлі республикалық басылымдардар мен ұжымдық жинақтарда ғылыми мақалаларымен, өлеңдері жарияланды. Бірнеше томдық «Торғай ақындарының антологиясы» жинағының құрастырушысы және жауапты шығарушысы.

Бүршік жарғанда сәмбі тал біткен дүр етіп,
Көктеме келіп көгілдір әлемді түлетіп.
Ойпаңда қалып жасырынғанмен көкіше мұз,
Шып-шып ериді шекесінен ыссы күн өтіп.

Жердегі мұзды көктегі нұрлы күн ерітіп,
Жасыл белдерде тобылғы тұрар күреңітіп,
Атанды жығар қыс тоқсанда көрген қысымды,
Бойына нәрді тартады тамыры білеуітіп.

Шалғынды белде шалдықпай жортса жел үркек,
Шайқайды көкте шуда бұлттарды көңілішек.
Шайқалып бұлттар, найқалып көктің ніл жүзі,
Шағыл құмдарда кеберсіп жатпас шөліркеп.

Шалғында гүлдер, құмдарда қаптап құлқайыр,
Суырылып шығар бойын балқытып тұнса нұр.
...Жанды біткенге нұрменен жазып жырларын,
Тарту етеді-ау табиғат деген дүр шайыр.



20.11.2016 жыл

Зымыстанның кетерде бағы арылып,
Ұйысып ап көктегі жабағы бұлт,
Айналаны орады ақ ұлпаға,
Ағыл тегіл аспаннан қар ағылып.

Заңғар басы аспанның зеңіп кеткен,
Шұғыла-күн шуағын сеуіп төккен,
Баурайларды қымтады қайта келіп,
Баяғыда-ақ сүр қары еріп кеткен.

Қар құлаған, сәріден таң жылаған,
Талға шарқат орады маужыраған.
Мелдектетіп мамыққа жер-көкті алып,
Көрінеді әр қырка, әр жырадан.

Жел қуалап маңған бұлт маңырақты,
Жіпсіп түсте жап-жаңа қары жатты.
Қоштасуы шығар бұл кәрі қыстың,
Кәрі қыстың зәрі суық, кәрі қатты.

Алтын шуақ аспанда көрінсе күн,
Тостағандай көзінен төгілсе нұр,
Мейірімі иітіп бар дүние,
Елжірейді-ау, ериді-ау ебіл себіл...

26.03.2017.

Нарау жылжып көктемнің нау бұлты эне,
Талаурады бозамық тарғыл таңы.
...Бүрсең қаққан бақтағы жас қайыңдар,
Бұтағымен етегін сәл қымтады.

Барады іріп батыста түн түнегі,
Түнек деуім бекер-ау мүмкін оны.
(Маған бақыт сыйлаған ақ таң барма,
Түннен бөлек болса да сырт реңі)

Бар табиғат, айнала тыныш қазір,
Алаулайды тек қана шығыста нұр.
Саулап құйған сәулемен күні ертең-ақ,
Қаулап өсіп кетеді құныс тамыр.

Жер сауыры жібиді, мұз көбесі,
Тоңы арылып түлейді түз белесі.
Сағыныштың сазымен сиқырланған,
Қайта оралар қаздардың тізбе көші.

Тыным таппай тызылдақ өкпек желі,
Өкпек желі маңдайдан өпкен мені.
Жұтарға дем таусылмай, жұпарлы әлем –
Көкжиектен еседі көктем лебі.

2017 жыл

Зауза-мамыр. Көк жүзін бұлт басқан,
Иіп төсі көңілін жібітті аспан.
Тентек жел жүр теректің басын шайқап,
Қызғалдақтың құлтесін жұлып қашқан.

Малынатын сәтті іздеп шуақ нұрға,
Мелдектеп тұр көк майса құмақ қырда.
Шөлкем мінез танытып шалдуар жел,
Шулатады көлдегі құрақты ырғап.

Шулатады шөлдегі құрақты ырғап,
Дулатады шалғынын қыраттыңда.
...Желдіме екен желдеген жез киіктер,
Өрдіме екен құралай жырақ құмда.

Есті әйтеуір үстірттің үскірігі,
Естіледі қурайдың ысқырығы.
Аяқтанды құралай.
Қызғалдақтың аяқталды ғұмыры – ұшты гүлі.

Нәзік болады екен-ау мұншалық гүл,
Мұны ойлаған көк жүзін мұң шалып тұр.
Бұлаудай боп боздаса аспан иіп,
Бозаң белде жатады-ау бусанып қыр...

23.05.2017 ж.

Қайтарар дауасы деп шер құсамның,
Құндыз жон құбыл атқа ерді салдым.

Ауылға апта сайын кім келер деп,
Ат мініп, қырға шықтым, жерді шалдым.

Ақ тақыр ат желгенде сор тұнбадан,
Бозбаста боз топырақ борпылдаған.
Көзімнің қара алмасын суырғандай,
Көрсетті байтақ дала көркін маған.

Жолымда «Құмкөл» қалып құлқайырлы,
Жонында жортып өттім шырқай үнді.
Жидегін теріп жедім, туған дала,
Жатырқап жүрмесін деп бұл шайырды.

Жанында құм шағылдың көл айнасы,
Толкумен келбетіме қарайды осы.
Қанша рет табаным кірген менің,
Құмкөлдің шоқтала өскен шоғайнасы.

Көлінде қазы қонған бар балдырған,
Белінде балалығым қалған қырдан,
Үйіріліп үйір-үйір жылқы шықпай,
Жонынан көде кеміріп, тарлау жұлған.

Бүріліп бозаң белге біткен жусан,
Изенмен түптес тұрса тіптен бұл сән.
Даламның қасиетін білер ең сен,
Көркінді таңда тұнған шықпен жусан.

«Ұзын Ши» «Қысқа Шимен» қатар жатқан,
Алты ай жаз айналасын отар жапқан.
Қой бағып қырда жүрген малшылардың,
Жері еді талай мәрте ат аунатқан.

Білсең сен мен туылған жұрт қадырын,
Биіктеп жетер едің бұлтқа бүгін.
Аралап қайттым барып ауыл жаққа,
Тараған құтты жерді түп тамырым.

Желі бар желісімен жер қыдыртқан,
Бұрғанмын аттың басын «Көлқұдықтан».
Санамда сайрап жатыр әр белесі,
Туған жер төсін, сірә, мен бе ұмытқан.

«Қызылбай» мен бармаған қалды ұзақта,
«Наурызбай» оданда алыс, арғы жақта.
Туған жер төсіндегі әр белді айтып,
Созуға бармын өзім танды ұзаққа...

Мақтады дей көрмегін неге сонша,
(Мақтамас ем өзге жер теңесе алса)
Өзінде таңғаласың таңданасың,
Сағыммен көз алдында елес ауса.

Қылтиып құлақтанып қыр белінен,
Батқанда таң шолпаны күн көрінер.
Жусанын бір иіскесең ұмытпассың,
Барлығын көрсетейін жүр менімен.

03.06.2017 ж.

Құралай салқыны

Зауза-мамыр. Көк жүзін бұлт басқан,
Иіп төсі көңілін жібітті аспан.
Тентек жел жүр теректің басын шайқап,
Қызғалдақтың күлтесін жұлып қашиқан.

Малынатын сәтті іздеп шуақ нұрға,
Мелдектеп тұр көк майса құмақ қырда.
Шәлкем мінез танытып шалдуар жел,
Шулатады көлдегі құрақты ырғап.

Шулатады шөлдегі құрақты ырғап,
Дулатады шалғынын қыраттыңда.
...Желдіме екен желдеген жез күйктер,
Өрдіме екен құралай жырақ құмда.

Есті әйтеуір үстірттің үскірігі,
Естіледі құрайдың ысқырығы.
Аяқтанды құралай.
Қызғалдақтың аяқталды ғұмыры – ұшты гүлі.

Нәзік болады екен-ау мұншалық гүл,
Мұны ойлаған көк жүзін мұң шалып тұр.
Бұлаудай боп боздаса аспан иіп,
Бозаң белде жатады-ау бусанып қыр..

Батырлан Сағынтаев



Елдес Омарұлы Дағдылы жол мен айлаалы жол



Дүниеде өзгермейтін ештеме жоқ. Дүниедегі нәрселер неше түрлі болып өзгереді, құбылады – бір күйден екінші күйге түседі, зораяды, кішірейеді, қалпын, пішімін де өзгертеді. Осы күнгі кара жер бір кезде газ тәрізді болған; жүре келе суынған, бірсыпыра заттары суық күйге түскен; онан кейін жердің сұйық заттары қоюлана келе қатая бастаған; сонан соң көп замандар өткен соң ғана барып, қой батпақ болып жатқан тас темірлер осы күнгі қатты күйіне түскен. Дүниедегі бар нәрселердің бәрі де солай құбылады да тұрады, дүниеде тастай қатып, бір қалыпты болып қалған жалғыз нәрсе жоқ. Түрлі жан-жануарлар да, адам да соның ішінде неше түрлі болып құбылып келді де, құбыла беруге тиіс те.

Бірақ құбылыстың өзі де түрлі болады. Дүниедегі нәрсе табиғаттың заңына бағынып, тиісті жөнімен де құбылады, оның үстіне ақыл-айламен табиғатты қолдан өзгертуге де болады. Данышпан Чарльз Дарвин жан-жануарлардың

тұрмысын көрсетіп, табиғаттың жалғаулы заңы мен тұрмыс тартысы заңын тапқан. Жан-жануарлардың ол заңға бағынбайтыны жоқ. Қоян сол заңға бағынып, қыстың күні қардай ақ болады да, жазды күні көк шөпке ұқсап, көк болады. Қоянның олай түсі өзгермей қалғаны болса, ол табиғаттың талғауына жарамай, тұрмыстың тартысына шыдай алмай, жоғалуы тиіс: қыстың күні ақ қардың үстінде түсі басқаша болып жүрген көк қоян да, жазды күні кара жердің үстінде өзгеше болып жүрген ақ қоян да бүркіттің тырнағына, тазының тісіне, мергеннің оғына басқа қояндардан бұрын түсуі тиіс. Ондай қояннан тұқым да қалмақшы емес. Қоянның бұлай қыстың күні ақ, жазды күні көк болып, тұрмыстың тартысына әдіс қыла алатын болып шығуы бірден болмаған: қоян неше мың жылдай табиғаттың талғауына түсіп, сұрыптала келе, осылай түсін өзгертетін болған. Қоянның бұлай түсін өзгертуі, түсін өзгертетін болып шығуы – табиғаттың заңы, оған адамның айласы қосылмаған.

Бір кезде ағылшынның ақсүйек серілері, тұрмыстың қызығына тоймайтын сұлулары шолақ тұмсық көгершінге әуес болған, сұлу қатындардың көңілін аулау үшін қолда ұсталатын көгершіндердің тұмсығы шолақтары аса қымбат болған да, ұзын тұмсықтары бағасыз болған. Қолда өсіп үйренген ағылшынның көгершіндері тұмсығы ұзын болып, қожасына ұнамай, еркіне жіберілген соң, өз бетімен күн көре алмай қырыла берген, олардан тұқым да қалмаған. Тұмсығы қысқа көгершіндер өсіп, көбейе берген. Әуесқой әйелдердің (табиғаттан емес) талғауына түскен соң бұл шолақ тұмсық көгершіндер де сұрыптала келе, тұмсықтары мүлде қысқарып, ақырында балапандары жұмыртқаның қабығын да өз тұмсығымен жарып шыға алмайтын болған. Олардың күні толғанда қожалары жарып шығаратын болған.

Араб жылқысы ежелден жер үстіндегі жылқының жүйрігі деп саналатын еді. Ағылшынның атбегілері сол араб жылқысының жүйріктерін жиып, жүйрігін жүйрікке салып, сұрыптап өсіре келе, араб жылқысынан артық жүйрік қылып шығарды. Ағылшынның сол араб жылқысынан сұрыптап шығарған жылқы тұқымын осы күні ағылшын жылқысы деп атайды. Ағылшын жүйріктері минутына шақырым шабады.

Міне, бұл ағылшын көгершінінің шолақ тұмсық болып шығуы, ағылшын жылқысының сұрыпталып өрен жүйрік болып шығуы өз бетімен ғана емес, жалғыз ғана табиғат заңынша емес, бұған адамның ақыл-айласы қосылған, табиғат құбылысын, адамның айласын өзінше үлгіртіп шығарған.

Сүйтіп, табиғаттың құбылысы екі түрлі болады: бір түрі – адамның ақыл-айласы қатыспаған, өз бетімен болатын құбылыс (бұған мысал: қоянның түсінің өзгеруі); екінші түрі – адамның ақыл-айласымен болған құбылыс.

Мұның әуелгісіне «дағдылы құбылыс» деп, екіншісіне «айлалы құбылыс» деп ат қойылған.

(«Елдес»)

Ескертпе: Бұл «Тайбағар» деген бүркеншік ат қойылған мақаланың үзіндісін Ахмет Байтұрсынов «Сауат ашқыш» кітабында жариялаған. Үзінді астында «Елдес» деп автордың аты-жөні көрсетілген. («Тіл тағылымы» (Алматы: 1992 ж.)

Ғылым төңкерісі

Салт-сананың төңкеріс жолымен өзгере алатынын Кеңес үкіметінің жеті жылдық тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. Октябрь төңкерісі жалпы төңкеріс болған соң, оның салдары тимеген тұрмыстың тарауы қалған жоқ. Октябрь төңкерісінің салдары салт-сананың тетігі – оқу ісіне де тиді, – жалпы төңкерістің салдарымен ғылым төңкерісі де болды.

Ғылым төңкерісі деген – ғылымның негізгі бір заңының ашылуы сықылды өзгерістер. Мәселен, электр ағынынан болатын жылудың мөлшері тақырыпты «Джоуль мен Ленц заңы», кең жүйесі тақырыпты «Менделеев заңы» сықылды заңдардың ашылуын ғылым жөнінде болған төңкеріс деуге болады. Жалпы төңкерістің салдарымен ғылым төңкерісі де болды деген сөзді: жалпы төңкеріс болған соң, ғылымның бұрын ешкім білмейтін негізгі заңдары ашылды деп түсінуге де болады. Бұл сөзді солай түсініп, «төңкерістің арқасында ашылған ғылымның қандай негізгі заңдары бар?» деушілердің болуы мүмкін. Біздің оларға айтатынымыз: жаңа айтылған – салт-сананың төңкеріс жолымен өзгере алатыны – ғылымның негізгі заңы, бұрын бұл заңға шәк келтірушілер болғанымен, салт-сананың төңкеріске түсе алатынын көзбе-көз көрген соң, оған енді шәк келтіруге болмайды. Бұл заңның растығын сипаттап отырған Октябрь төңкерісі. Бірақ біздің «ғылым төңкерісі» деп отырғанымыз: ғылымның ондай жаңа заңдарының ашылуы емес, ғылым жолында, оқу, оқыту істері тақырыпты Кеңес үкіметінің қолданып отырған жаңа саясаттары.

«Салт-сананың тетігі – оқу, ғылым» – деп едік. Ғылымның салт-санаға әсері болмай қалмайды, бірақ бұрын ғылым салт-санаға тетік боларлық әсер берген емес. Салт-сананың нағыз тетігі – ғылым емес, кәсіп жасау. Елдің қолданған кәсібі, кәсібінің түрі өзгермей, құрғақ ғылым салт-сананың өзгеруіне артық себеп бола алмайды. Капиталшының қолданған кәсібі – жалшылардың еңбегін олжа қылу, сондықтан капиталшы сол кәсібінен қол үзбей, қандай ғалым болса да, кісі ақысын жеуді теріс деп түсіне алмайды.

Өмір бойы бір зауытта іс істеп, жолдас болған, бірімен бірінің мұңы бір, жоғы бір, тетігі бір, тілегі бір жалшылар, қанша надан болғанмен де, біріне бірі мейірімді келеді, малжандылық, озбырлық мінездері болмайды. Салт-санаға

ғылымның әсерінен де кәсіптің әсері күшті. Сондықтан салт-сананы тәрбиелеу үшін құрғақ ғылымның пайдасы аз болған соң, Кеңес үкіметі ғылымды құрғақ күйінен өзгертіп, кәсіппен, іспен үйлестіріп отыр.

Кеңес үкіметінің бірінші басқыш мектептерінің бәрі де баулу мектебі аталады. Баулудың мәнісі: балаларға ғылымды құрғақ күйінде үйретпей, сол ғылымын пайдалана алатын қылып, іс істетіп үйрету. Октябрьден бұрын ғылым басқа, іс басқа болатын. Ғылым үйренген кісі өз қолымен іс істемей, істен, қара жұмыстан жиренетін болып тәрбиеленетін, сондықтан ескі мектепте оқығандардың түсінуінше, өздері – төре, қара жұмыс істейтіндер – құл, мал есебінде болатын; сондықтан ескі мектепте оқығандар жалшы бұқараға шын ықыласымен тілектес бола алмайтын; сондықтан бұрын қара шаруаның балалары да ескі мектептен оқып шыққан соң, әке-шешесінен айырылып, басқа таптың (оқығандар табының) адамы болып, қара шаруаға бөтен кісі болып кететін.

Бұл күнде Кеңес үкіметінің баулу мектебінде оқыған балалар қара жұмыстан жиренбейтін болып тәрбиеленеді, бірігіп, одақтасып іс істейтін болып үйренеді. Салт-санасы жасынан-ақ жалшылардыкіндей болып тәрбиеленеді. Ескі мектепте оқыған шаруаның баласы, әкесі мектепке жыртқы күпісімен келгенде, оны басқа жолдастарына көрсетуге ұялатын еді, әкесінің қара шаруа екенін жолдастарына білдіргісі келмейтін еді. Баулу мектебінде оқыған кедейдің баласы кедей екеніне арланбайды, жасынан өзі іс істеп, кедейді, қара жұмыс істейтін жалшыларды сыйлап үйренеді. Кеңес үкіметінің екінші басқыш мектептері де, жоғары мектептері де солай; ешқайсысында ғылым мен іс бірінен бірі айырылмайды. Сондықтан кеңес мектебінен оқып шыққан жастар қара жұмыстан жиренбейтін болып, қара жұмыс істейтін шаруаларға, жалшыларға шын көңілмен жаны ашитын болып, салт-санасы коммунa дәуіріне дәл келіп шығады.

Октябрь төңкерісінің арқасында болған ғылым төңкерісінің бір түрі осы: мектептеріміздің, бұрынғыдай құрғақ ғылым үйретудің орнына, үйренген ғылыммен пайдаланып іс істеп үйрететін баулу мектептері болғаны.

Ай мен күндей, әлемге бірдей атанған, әммеге бірдей болуға тиіс ғылым: Октябрьден бұрын әммеге бірдей емес еді. Әммеге бірдей жер мен суды өзінікі қылып алып, еңбекші бұқараға жалдап, майын ғана беретін байлар ғылымды да өзінікі қылып алып еді; жалшыларға, еңбекші бұқараға, әсіресе, қазақ сықылды бұратана ұлттарға капиталшылар ғылымның майын да бермейтін еді. Жалпы төңкерістен бұрын ғылым үйренемін деген қазақ баласы тоқсан тоғыз тосудан өтіп барып үйренетін; кедейдің ол тосудан өтуге әлі келмей, жолда қалатын. Үкімет қазақ баласын оқытқанда, тек өзінің сойылын соғатын қылып шығару үшін ғана, қазақты орыс дініне айналдыру ниетімен ғана оқытатын. Оқу орыс тілінде ғана болатын. Қазақ тілінде оқу түгіл, оқытын кітап, газет,

Ұлағатты ұстаздың ұрпағымен тілдесу

Қостанай өлкесі халқына пана болып, ел есінде қалған біртуар перзенттерден кенде емес.

Солардың бірі – Мендіқара өңірінің тумасы, атақты педагог-жазушы Спандияр Көбеев. Даңқты жерлесіміздің 140 жылдығына орай, Қостанай облыстық кітапхана қызметкерлері Мендіқара өңіріне барып қайтқан болатын. Мұндағы мақсат – ұстаздықтың қадірін жете түсінген туған елдің төл перзенті, талантты педагог Спандияр Көбеевтің ардақты әрі жауапты және жаңа тұрпатты халық мұғалімі болғаны жайлы, сонымен қатар, артында қалған ұрпағымен кездесу. Ұжым бір қызметте тапжылмай жұмыс істеген әріптесімен қауышып, осы ұлы ұстаз жайлы жан-жақты біліп қайтты. Осы бағытта қазан айында үлкен кездесу өткізу жоспарланып отыр. оның ішінде, кездесу барысында өскелең ұрпаққа тек оқу-ағарту майданында ғана емес, қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орын алғанына мән беру. Оның ағартушылық, педагогтік және жазушылық қызметі жайлы, қызметте, әріптестерінің арасында, үйде қандай жан болғаны жайлы көретін болады. Бұл жерде, алдымен, Мендіқара ауданының зейнеткері, қарт ұстаз, еңбек ардагері, осы кездесуге мұрындық болған Ермұханова Зүмрет Шайырманқызына алғысымыз шексіз. Осы кісінің арқасында ұлы ұстаздың туған жеріне барып, немересі, шөбересі мен келінімен және бірге қызметтес болған кісімен кездесу ұйымдастырып, өзінің қонақжайлылығын танытқандығына рақмет айтамыз. Көпті көрген қария, заманында белгілі қоғам қайраткері, еліне еңбек сіңірген ұстаз Мәжіт Уәлиахмет Спандияр Көбеевпен бірге қызмет атқарған бүгінгінің тірі тарихы десек те артық айтқандық емес. Қазақ «алтынның қолда бар да қадірін біл» деп осындайда айтса керек. "Қарты бар үйдің қазынасы бар" демекші, ағамыз кездесу барысында өмірлік жолынан, Спандияр Көбеев жайлы болашаққа үлгі болатындай құнды ақпараттармен бөлісті.

- Ақсуат мектебінде сегіз жыл жұмыс істедім. Ол кісі сол мектепті басқарып жүрді. Біз «Спандияр атай» дейміз ғой. Жаздықүндері Спандияр атай аудан орталығына еңбекақыға жиналысқа барғанда мені серік қылып алып жүретін. Ұстаздық қызмет барысында да атайдың көпке үлгі боларлықтай ісі сол кездің өзінде көбімізді таңдай қақтырып тамсандыратын еді. Ол кісінің адалдығы, кісілігі мен кішілігі, ұстаздық жолындағы мол ізденісі өскелең ұрпаққа, көбімізге жол көрсетті. Торқалы 90 жасқа келсе де тұшымды ой білдірген қарт, ардагер ұстазға алғысымыз шексіз болды. «Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап» - дейді ғой атам қазақ, Спандияр Көбеевтің қолына түскен



келіні Көбеева Мәрзия Бижанқызы ағамыздың айтуынша, - ол кезде Ақсуатта 10 жылдық мектеп болатын, сол мектепте орыс тілінен сабақ беріп жүріпті. Денсаулығы сыр беріп жүрсе де, мектептен қол үзгісі келмегені ғой, күнделікті бір сағатқа барып-келіп жүрген екен. «Бір жарым жылдай қолында болдым, ол кісінің тәрбиесі де ерекше, "тәрбие бесіктен беріледі" демекші, баланың ақылды, парасатты, әдепті болып өсуі – ата-ананың мерейі" деп отыратын. Қазақ сөзбен түзеп, көзбен тәрбиелеген ұлы халық қой. Даналығы мен даралығы, тәрбиесі мен өнегесі сөзінде көмкерілген болатын -деп еске алады.

Ал, немересі Қуанышбек Нәзірұлы: "Ағамыздың көзін көрмесек те, үлкен бір мақтанышпен көрген-жүрген жерлерімізде ерекше сезіммен айтып жүреміз»- дейді. Шындығында да, ұстаздық жүгі – ауыр жүк. Ол – егемен елдің болашағын тәрбиелеуші, бала болмысына өзгеріс енгізуші, ата-ананың сенімді көмекшісі, ғылымға жаңалық енгізуші. Тағы бір сөзінде немересі, атасы жайлы былай деп әңгімесін өрбіткен болатын: «Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты, өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Олай айтуымның себебі, ағамның жолын жалғастырып жүрген мына мен де жас буынға саналы білім, тәрбие беру міндет деп ойлаймын». «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, ағамыздың барлық балалары мен немерелері ұстаздық жолын қуған. Заман талабы да болар шөбересі Саян Қуанышбекұлы басқа салада қызмет етеді, бірақ атасын көрмесе де ол туралы әкесінен, жақын туыстарының әңгімесінен жиі еститінін жеткізді. «Ағамның ұстаздық жолында еңбегі ерен, сол үшін кеудемді үлкен мақтаныш кернейді»- дейді ол. Егемен еліміздің тарихының бір бөлшегі саналатын ұлы тұлғаларды дәріптеу, құрметтеу, олар туралы жылт еткен жаңалықты жеткізу – азаматтық парызымыз.

Жұлдызай СЕЙІЛ,
Өлкетану әдебиеттері бөлімінің қызметкері

Ақынның Жүрекжарды Жырлары

Көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Нүкеш Бәдіғұлдың туғанына 80 жыл толуына орай «Сағым бейне» атты кітабы жарық көрген еді. Нүкеш Бәдіғұл (1936-1999) 15 желтоқсанда Шығыс Түркістанның Дөрбілжін ауданына қарасты Ақсу ауылында туған. 1966 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Қазақ радиосында әдебиет бөлімінде, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің ауыл шаруашылығы және әдебиет пен мәдениет бөлімдерінде, Қазақстан жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді. Өмірінің соңғы жылдары Қазақстан жазушылар одағында кеңесші болды. Өнер жолын жаңа бастаған жас талапкерлерге ақылшы болды, жергілікті мерзімді басылымдарда ойлы мақалаларымен да көрінді. Ақын қаламынан бірнеше дастан да туды.

Нүкеш ақын ел ішіндегі әңгімелерге де құлағын түріп, не жырына өзек ететін немесе естігені мен білгенін қағаз бетіне түсіретін. «Бабалар сөзі» жүз томдығының 84-ші томында Нүкештің Шыңжан аймағында өмір сүрген белгілі би әрі күйші Бейсенбі Дөненбайұлының «Бодау кеңес» деп аталған күйінің шығу тарихы туралы баяндаған әңгімесі жарияланған еді. Онда Алтайдағы абақ керей елінің дау-шары туралы айтылады. Автор осы жайды тәптіштеп баяндап, елге үлгі-өнеге етіп ұсынады.

Ақынның алғашқы тырнақалды өлеңдер топтамасы 1969 жылы жас ақындардың «Жас керуен» жинағына енген. Содан кейінгі кезеңдерде бірнеше жыр жинақтары шықты. «Бәйтерек», «Нұрлы жұлдыздар», «Күлімде, шуақ», «Жарық сәуле», «Сырлы ағыс», «Өмір сазы», «Енші», «Сыбаға» атты жыр жинақтары оқырман көңілінен шықты. «Парыз» атты жыр кітабы үшін 1996 жылы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болды.

Ақынның өзімен және жары Розамен мен оның көзі тірісінде жақсы араласып тұрдым. Ақкөңіл, жарқылдаған, ойлаған ойын бүкпей айтатын ақжарқын азамат еді. Ал мына кітабы оның өмірбаяны секілді.

Қазақ поэзиясында өзіндік үні, өрнекті қолтаңбасы бар ақын, марқұм Нүкеш Бәдіғұлдың артында қалған мол мұрасының өзегі - Отан сүйгіштік, патриотизм, ел мен жер тарихы және адамгершілік тақырыбы. Қаламгердің оқырман назарына ұсынылып отырған «Сағым бейне» атты жинағына да оның таңдаулы жырлары топтастырылған екен. Оған оның әр жылдары жазылған өлеңдері мен дастандары енген. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін бастырып шығару» бағдарламасы бой-

ынша жарық көрген бұл жинақтың оқырманға берері мол.

«Азабын ойдың сан кешіп, жақұтын жырдың іздедім, жолымды қырсық сан кесіп, түңілтті, үміт үзбедім» - деп жинақтың беташарында жазғанындай, ақын ақ қағазға төніп, күні-түні егіліп, жан сырын ақ қағазға ақтарады, өмірдегі жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, зұлымдық пен ізгілік туралы ой толғайды. Иірімі үйірген өмір-өзеннің асау ағыстарына қарсы жүзіп, өмір туралы тебіренеді.

Ақын Марфуға Айтқожина кезінде Нүкештің «Боздатып сағыныштың боз ботасын» деп оқып жүрген өлеңдеріне ерекше тоқталып, ықылас білдірген болатын. Бұл жырларға Қытай жерінде дүниеге келсе де, атамекеніне, Қазақ еліне оралған автордың сағынышы арқау болған еді.

Ақынға туып-өскен, аялаған, саялаған Отаны жаннан да қымбат. Сондықтан да ол:

«Туған Отан, тынысымсың, жанымсың,
Нұрға бөлеп атар әппақ таңымсың.
Сені аялау, сені қорғау міндетім,
Шаң жуытпас бетімдегі арымсың» - деп жырлайды.

Ақын жаны қашанда мазасыз. Төңіректе болып жатқан кез келген оқиғаға аландап, елегізіп тұрады.

«Жасырамын несіне сенен сырды,
Күзгі желмен ызындар селеу сынды.
Жүрегімнің түбіне бұққан қайғы
Сыздайды да жатады шөмен-сынды» деп тебіренуі де заңды.

Медицина саласында жиі айтылатын бір сөз бар. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Ақын да шипалы алақан дәрігер секілді қоғамдағы дерттің алдын алу туралы ой толғайды. Тамыршыдай тап басып, аурудан құтылудың жолы адамдықта және адалдықта екенін айтады. Жоғары мәртебелі поэзияның негізгі миссиясы да осы шығар.

«Қаламымды күнге малып жазғаным,
Гүл жайнаған елестетер жаз бағын.
Көкірекке құйып жылы сүттей нұр,

Қабындатты жүрек оты маздауын» - деп ақын жазғандай, оның жүрекжарды лебізі, жырға айналдырған жан-сезімі бізді де бей-жай қалдырмады, сондықтан да қарапайым оқырман есебінде өз ойымды бөліскенді жөн көрдім.

Ақын өлсе де артында айтып кеткен сөзі қалды, жазып кеткен жырды қалды. Сол жырларының ғұмыры ұзақ болсын дейміз.

Базарқан ТІЛЕУ,
жоғары дәрежелі хирург, медицина
ғылымдарының докторы

Жас ақындардың кеші өтті



Н. Островский қалалық кітапханасы «Жаңа есімдерді аша-серпін беретін жоболатын. Жоба оқырмандарын, жеріміздің өнерлі өмірі және таныстыру. Атал-«Жыр тұңған, сыр Қостанай мемлекеттік университетінің фило-4 курс студенттері, «Толқын» студиясының



Венера, Тасболатова Гүлназ, Жанжігітов Сырыммен жыр кешін ұйымдастырды. Әдеби кешке жас қаламгерлердің ұстаздары, достары, әдебиетті сүйетін, өлеңді түсінетін оқырмандар жиналды.

Жанжігітов Сырымның «Бала жүрегі» атты тастанды сәби туралы монологы тыңдарманның жүрегін шымырлатып, көпшіліктің көзіне жас алдыртты. Сондай-ақ Сырымның «Көрінетін қара жоқ» атаулы қарттар үйі туралы жазған монологынан қойылым қойған «Тұмар» өнерлі жастар ұйымының мүшелері, монологтағы адамзаттың жаратылысындағы аманат етілген дүниені, жан тебіренісін сезімін жеткізді. Жыр кешінде жас ақындар Абдрашева Венера мен Тасболатова Гүлназдың «Қыстың ызғары», «Ақынмен сырласу», «Туған жер», «Өмірдің сыры», «Қуаныш болсын», «Арманда» және басқа да өлеңдері оқылып, сыңғырлаған ән айтылды.

Қаламыздың жас қаламгерлері топтасқан шығармашылық студия өкілдерінің қоржынында 150-ге жуық жыр шумақтары бар. Жоба қатысушысы Жанжігітов Сырымның өлеңдері «Зулаған уақыт», «Тарих толқынында» атты жыр жинақтарына еңген.

Көрермендер қатарында болған кітапхана оқырмандары мен Қостанай облысы төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ қызметкерлері де кештен алған әсерлерімен бөлісіп, жас қаламгерлерге ризашылықтарын білдірді.

Жас қаламгерлердің шығармаларын шағын әдеби ортаның пікірімен емес, халықтың ықыласымен таразылағанды жөн көрген кітапханашылар да қонақтарға өлеңдерінің жалғасын таба берсін деген жүрекжарды ақ тілектерін айтып, шағын сыйлықтарын тарту етті.

атындағы Қостанай 2016 жылдан бастап мыз» атты әдебиетке баны іске қосқан мақсаты кітапхана жас ұрпақты туған тұлғаларының шығармашылығымен мыш жоба аясында тұңған» тақырыбында педагогикалық логия факультетінің кітапхана жанындағы шығармашылық мүшелері Абдрашева

Ботакөз ДҮЙСЕМБАЕВА,
Н. Островский ат. қалалық кітапхананың
ұлттық әдебиеттер секторының меңгерушісі



А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті



Қостанай мемлекеттік университеті - Солтүстік Қазақстандағы жетекші оқу орындарының бірі, аумақтағы ғылыми және мәдени орталық, мемлекеттік мәртебедегі жоғары оқу орнының көпжылдық дәстүріне қаныққан биік дәрежедегі сапалы білім алудың кепілі.

Университет бакалавриат, специалитет және магистратураның 58 және 17 докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша институционалдық аккредиттеуден өтті.

Білім сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз қазақстандық агенттігі өткізетін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының Бас рейтингісіне сәйкес университет Қазақстандағы 10 үздік жоғары оқу орындарының тізіміне кіреді.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Университеттердің Ұлы Хартиясына (Magna Charta, Болонья қ, Италия) қол қойып, Болон процесі мен «Темпус», «DAAD» және т.б. халықаралық жобалар мен студент алмасу бағдарламаларының толық құқықты мүшесі болып табылады.

Италия, Германия, Финляндия, Австрия, Испания, Польша, Чехия Республикасының белгілі университеттері А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің серіктестері болып табылады.



Жеті факультет бойынша мамандарды даярлайды

Аграрлық—
биологиялық
факультеті

Гуманитарлық-
әлеуметтік
факультеті

Инженерлік-
техникалық
факультеті

Ветеринария және мал
шаруашылығы
технологиясы факультеті

Ақпараттық
технологиялар факультеті

Экономикалық
факультеті

Заң факультеті

Факультеттердің құрамындағы 29 кафедрада бакалавриаттың 32 мамандығы, 2 арнайы жоғары білім, магистратураның 28 мамандығы, докторантураның 17 мамандығы бойынша кадрларды дайындау жүргізіледі.



Университет базасында "Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы
Инновациялық білім беру технологиялар териханасы
"Оқу ғылыми-өндірістік ветеринариялық кешінікә сы
"Лингвистикалық ғылыми-зерттеу териханасы
"Инновациялық инженеринг" териханасы
"Оқу телевизиялық студиясы
"Практикалық психология және педагогика диагностика кабинеті қасмет жасайды

Оқу мерзімі

Бакалавриат (күндізгі оқу) – 4 жыл
Маман (күндізгі оқу) – 5 жыл
Күндізгі және сырттай оқу (КБ) (колледж) – 3 жыл
Жоғары білім базасы негізінде сырттай оқу – 2 жыл
Магистратура, ғылыми және педагогикалық бағыт – 2 жыл
Магистратура, бейіндік бағыты – 1 жыл
Магистратура, бейіндік бағыты – 1,5 жыл

Құжаттарды қабылдау уақыты және емтихандарды тапсыру мерзімі

1-20 маусым–КТ өтініштерді қабылдау
20 маусым-1 шілде–ҰБТ өткізу
20 маусым- 7 шілде шығармашылық емтиханға өтініштерді қабылдау
8-13 шілде шығармашылық емтихан өткізу–
17-23 шілде –КТ өткізу
10-30 шілде – магистратураға, докторантураға өтініштерді қабылдау
23-31 шілде-білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың өтініштерін қабылдау–
1-8 тамыз- КТ қайта тапсыруға өтініштерді қабылдау
10-20 тамыз–магистратураға қабылдау

Университетте көптілдік білім беру жүйесі енгізілуде, ағылшын тілінен кредиттер саны көбейіп, бірқатар пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі.

Студенттер мен магистранттар академиялық ұтқырлық аясында Қазақстан Республикасының және алдыңғы қатарлы шетел жоғары оқу орындарында білім алады.

Білім алушылар кәсіби тәжірибе мен тағылымдаманы шетелде және инновациялық отандық кәсіпорындарда өтеді.



Әскери кафедра

Университетте әскери кафедра шеңберінде запастағы офицерлерді дайындау жүзеге асырылады. Білім алушыларға «запастағы лейтенант» әскери атағы беріледі. Әскери дайындық азаматтық оқытумен қатар жүргізіледі. Университетті тәмамдаған соң, офицерлік атағы бар тұлғалардың жұмысқа орналасқан кезде қосымша артықшылығы бар.



Гранттар, стипендиялар мен жеңілдіктерді ұсыну арқылы Университет білім беруді қолжетімді етеді.

Студенттерді әлеуметтік қолдау

- * Президенттік стипендия
- * ректордың «Мәртебе» білім беру гранты - оқу ақысына 100% жеңілдік, «Алтын белгі» иегерлеріне университет жатақханасында тегін тұру
- * ректордың «Мерей» білім беру гранты - оқу ақысына 100% жеңілдік
- * А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ ректорының білім беру гранты –ҰБТ сертификаты ЖОО түсушілер үшін барлық білім алу кезеңінде 100% жеңілдік
- * академик К.Сағадиев атындағы білім беру гранты
- * «Қамқор» оқу ақысы 50% жеңілдік, университет жатақханасында тегін тұру
- * «Табыс» жеңілдігі- бір оқу жылына оқу ақысынан 25%, 50% жеңілдік қарастырылған
- * «Көмек» жеңілдігі- бір оқу жылына оқу ақысынан 25% жеңілдік
- * «Үздік GPA-4.0» жеңілдігі- бір академиялық оқу кезеңіне 100% жеңілдік

Сапалы білім берумен қатар студенттердің мәдени-эстетикалық, патриоттық сезімін қалыптастыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған университеттің стратегиялық бағыттарының бірі- тәрбие саясатын жүзеге асыру



Студенттік клубтар мен орталықтар

- * «Жас Өркен» студенттік театры
- * «Мәңгілік Ел» студенттік клубы
- * «Ахметұрақтары» клубы
- * Қазақстан халықтарының студенттік шағын Ассамблеясы
- * «Жас Отан» студенттік клубы
- * «Артемида» қайырымдылық клубы
- * Спорттық секциялар
- * Студенческий клуб «КВН КТУ»
- * Студенческая Пресс-служба КТУ
- * Студенческая студия искусств «Өнер» и другие



Білім беру бағдарламалары

Білім беру бағдарламаларының атауы	Мамандық	Бакалавриат	Магистратура	PhD
Аграрлық-биологиялық факультеті				
Биология және химия кафедрасы				
Биология		✓	✓	✓
Химия		✓	✓	
Агрономия кафедрасы				
Агрономия		✓	✓	✓
Стандартизация және қайта өңдеу технологиясы				
Стандартизация, сертифицировка және метрология (салалар бойынша)		✓		
Азық-түлік өнімдерінің технологиясы		✓		
Қайта өңдеу өндірісі технологиясы (салалар бойынша)		✓		
Экология кафедрасы				
Геоэкология және табиғат пайдалануды басқару			✓	
Экология		✓		
Гуманитарлық-әлеуметтік факультеті				
Журналистика және коммуникативтік менеджмент кафедрасы				
Журналистика		✓	✓	✓
Психология және педагогика кафедрасы				
Психология		✓		
Педагогика және психология			✓	
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы				
Филология (қазақ)		✓	✓	✓
Филология (орыс)		✓	✓	✓
Шетел филологиясы кафедрасы				
Аударма ісі		✓	✓	
Шетел филологиясы		✓	✓	✓
Ақпараттық технологиялар факультеті				
Ақпараттық жүйелер кафедрасы				
Ақпараттық жүйелер		✓	✓	
Бағдарламалық қамтамасыз ету кафедрасы				
Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету		✓	✓	✓
Информатика кафедрасы				
Информатика		✓	✓	✓
Математика кафедрасы				
Математика		✓	✓	
Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті				
Кафедра ветеринарної медицины				
Ветеринарлық медицина	✓		✓	✓
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасы				
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы		✓	✓	✓
Биотехнология		✓		
Ветеринарлық санитария				
Ветеринарлық санитария	✓		✓	✓
Инженерлік-техникалық факультеті				
Машина жасау кафедрасы				
Көлік, көліктік техника және технологиялар		✓		
Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша)		✓	✓	✓
Машиналар, тракторлар және автомобильдер кафедрасы				
Аграрлық техника және технология		✓	✓	✓
Электротехника және физика кафедрасы				
Физика		✓	✓	
Электротехника		✓	✓	✓
Экономикалық факультеті				
Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасы				
Есеп және аудит		✓	✓	
Басқару және іскери әкімшіліктендіру кафедрасы				
Мемлекеттік және жергілікті басқару		✓	✓	
Маркетинг		✓	✓	
Менеджмент		✓	✓	✓
Қаржы және банк ісі кафедрасы				
Қаржы		✓	✓	
Экономика кафедрасы				
Экономика		✓	✓	✓
Заң факультеті				
Қазақстан тарихы кафедрасы				
Тарих		✓	✓	✓
Аймақтау		✓		
Азаматтық құқық және процесс кафедрасы, Мемлекет және құқық теориясы кафедрасы, Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы				
Құқықтау		✓	✓	✓

Қосымша ақпаратты біздің веб-сайттан алуыңызға болады: www.ksu.edu.kz
 Қыбылдау бөлімінің мекен-жайы: Қостанай қ., Абай д-ы 28, 114 каб., тел. 55-81-00,
 УБЕӨ пункті 55-84-55. E-mail: kgu_centr_prof_trud@mail.ru

Адамның адамгершілігі – даналығында

Әдеттегі күндердің бірінде сабақтан келіп, бөлменің терезесінен далада шыр - пыр қағып жүрген, тапалдау қап - қара, жүні үрпиген итке көзім түсті. Әлгі ит жан - жағына ешкімді жақындатпай сол маңайдағы адамдардың бәріне шәуілдеп үріп жатты. Басында бұған не болған деп түсінбей қарап отырдым. Кейіннен адам аяғы басылып, қараңғы түскен сәтте, жаңағы жануар иесі кішкентай күшіктерін бір қуыстан алып шығып, кетіп бара жатқанын көрдім. Манадан бері шыр-пыр болып жүргені күшіктерін қызғанса керек. Сол жерде ойнап жүрген балалардан күшіктерін қорғап, үнемі қарауылдап жүреді екен. Сол бір жануар иесінің балалары үшін жаны қалмай шырылдап жүргені маған керемет әсер қалдырды.

Томпалаңдап анасының бауырының астында біресе былай, біресе былай қисаңдап еркелеп жүрген күшіктеріне қарап, осылар кейбір нәрестелерге қарағанда әлдеқайда бақыттырақ па деген ойға қалдым. Итақай иттің өзінің баласына деген осыншалықты махаббатына қарап отырып, өгейліктің, қатыгездіктің, безбүйректіктің нағыз көрінісін көрсетіп жүрген көкек аналар мен ақылсыз қыздар есіңе еріксіз келеді. Адамдардың барлық жануарлардан айырмашылығы саналығында дейді. Жас аналардың жүрегінің астында көтеріп жүрген нәрестелерін дүниеге әкелместен өлтіруі, әкелген күннің өзінде оң - оңай затқа ұқсатып лақтырып тастауы, тіпті ойлауға қорқатын әрекетке баратын адамдардың көбеюі осы ұғымның яғни, адам санасының төмендеп бара жатқанының дәлелі сынды. Ал осыған не себеп? Оны ойласам ойым сан - саққа кетіп, сұрағыма жауап таба алмаймын. Тек қазіргі жастардың әлсіздігі, қиындыққа қарсы тұра алмауы шығар деп ой қорытамын. Күні кеше мамырдың 23-ші жұлдызы күні дүниеге енді ғана келген шақалақты қоқыс жәшігіне қалдырып кеткен көкек ана туралы қостанайлық басылымдар әлеуметтік желідегі парақшаларында жарыса жазып жатты. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының қоғаммен байланыс менеджері Ксения Жилкибаева табылған баланың азиаттық нәсілде және салмағы 3 кг болып туылғанын, сондай-ақ

жасанды дем беру аппараты арқылы өлім мен өмірдің арасында жатқанын айтқан болатын. Өкініштісі сол – сәбидің өмірін сақтап қалу мүмкін бомады. Мұндай оқиғалар бірді-екілі ғана емес, бүгінде өте жиі орын алып жатады. Тіпті біздің қоғамға, біздің менталитетке жат дүние, дұрысы тасбауыр адами қасиет қайтіп, қалай ғана жұқты десеңізші.

Бұрын біреу-біреуді жазым етіп, қиянат жасаса барлығы таңғалып, қорқынышпен көпке дейін айтып жүруші еді. Ал бүгінде "Қазіргі заманда ештеңеге таңғалуға болмайды" деп заманға жауып қойып жүре береміз. Барлығына етіміз үйренді. Ал заманның сондай болуына кім кінәлі?! Бір - бірімізге деген мейірімділікпен қамқорлықпен өмір сүрсек бәрі басқаша боларма еді кім білсін!

Ендігі кезекті адалдықты, жауапкершілікпен мейірімділікті жануарлардан үйренбесек болғаны.



Сағыныш ИБРАГИМОВА,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
студенті

Аңмалық

Әңгіменің бәрі Whatsapp – ғы топтық чаттан басталып еді.

-«Апталықтың басталуына орай онлайн-конференцияға бағдарлама шығаруға әрқайсымыз 40 теңгеден жинаймыз! Маған ертең тез жинап беріңдер!» - деген топ старостасының шұғыл хатын кей студенттер оқымай, ал кейбіреулері көрсе де тыныш қабылдап еді.

Жарты сағаттан соң тағы да мынадай хат келді:

-«40 теңгені ұмытпаймыз!».

Оған жауап ретінде:

-«Айжан, қалтамыздан 40 теңге табылар, сонша зарлап не болды? Әкелеміз ғой...»

-«Маған мейлі, бірақ апайдың мінезін білесіңдер, алдыда ауызша емтихан бар, соны ескеріңдер! Өткенде кабинетіме түрлі-түсті принтер алып бер дегенде келіспегенбіз, соңына дейін терімізді сығып алғанын ұмыттыңдар ма?! »

-«Соншама жыр қылатындай, 40 мың емес қой?!»

-«40 мың болмаса да, сол тиынды бермейтіндер бар, өзіме жинап жатқан жоқпын, апайдан автомат дәметіп жүргендер жүз теңгеден әкелулеріне болады!»

Ертесіңе конференция басталып кетті. Екі университет студенттері мен оқытушылары өзара ақыл алмасып, ойларын айтуда.

Қарабаев Күлбала:

-Имм, мен, жалпы мотивациялық кітаптарды ұнатамын. Біздің елде ондай жазушылар көп, мысалы Даурықов Майбектің «Он күнде пісте сатып миллионер болу» атты кітабын оқысаңыздар өмірдің мәнін басқа саладан емес, осы пісте сату арқылы тапқанын байқаймыз. Сіздер бәлкім түсінбессіздер, инстаграмдағы парақшасын қарасаңыздар, бар мәселенің осы пістеге кеп тірелетінін бірден байқауға болады! Бұл мәселенің тамыры өте тереңде, ұға білген жанға - кәсіптің көзі осы!

Арғы жақтағы экраннан сұрақ:

-Күлбала мырза, осыдан басқа тағы қандай кітап ұсынар едіңіз?

-Имм, енді тағы осы тақырыпқа оралатын болсақ, осы пістеге кәсібіне қатысты көптеген ғалымдарымыз қалам тартқан. Мысалы... – дей беріп еді, «Автомат қойғыш» апайымыз :

-Мен жауап берсем болады ма екен? Рақмет,

– деп жауабын күтпестен жалғастырып әкетті:

-Имм, енді кітапқа келетін болсақ, өз басым қанша қолым тимей жүрсе де, жылына бір кітап оқуға тырысамын...

-О, бұл деген ерлік қой!

-Тамаша!

-Осындай белді қызметте отырып бір кітап оқу үшін уақыт таба алатыныңыздан әдебиетке шын көңіліңізбен берілгеніңіз байқалады! Жұрт сізден үлгі алсын!

-Иә, дәл солай, студенттерімнен де осыны талап етемін! Әр оқыған шығармасынан түйгенін жазғызып, мақала жазғызамын. О, мақаласыз қазір мүмкін емес қой. Мақала жазбасаң, например, отчетқа нені тіркеп жазбақшысың! Студенттеріміздің арасында бизнес-жоспар бойынша сайыстарға қатысып, сертификаттарға иеленгендер де бар. Мысалы, белгілі ақын-жазушымыздың шығармаларын алып оның қыр-сырын ашып, былай-былай құбылтып жіберсеңіз әп-әдемі бизнес-жоспар болып шықпақ! Біздің балалар сондай! – деп екілене сөзін аяқтап, оның осы қылығына ұялып отырған жанындағы қызға "қатырдым" дегендей көзін қысып қойды.

Осындай тағылымды конференция кезінде, жоғары курс студенттері факультет деканы қатысатын ашық сабаққа қызу дайындалып жатқан еді.

Денеге тырысып тұратын былғары белдемше киген Салқамгүл апайдың ащы дауысы аудитория ішін жаңғыртып жібере жаздайды.

-Балалар, қазір декан кіріп келгенде былай тіп-тіке тұрып сәлем беріп, орнымызға қайта отырамыз. Мен қайта кіремін.

Есікті жауып, біраздан соң қайтадан кірді.

Барлығы өре түрегелді.

-Дұрыс емес, Аңғарбай, сен не істеп тұрсың?! Қазір декан кіріп келгенде сен осылай қисаландап тұрайын дейсің ғой?! Это ужасно просто! Где синхронность?! – деп көкбеттенді.

Отырып – тұрудан шаршаған студенттерге дана декан қайталай беретін «ұлттық таным мен білім деңгейі» осы отырып-тұруға ғана тіреліп тұрғандай көрінді. Бірақ бастарында сөз бостандығы түгел еркімен әрекет етуге құқылары жоқ жастардың "қатты қағаз" үшін "әртис" болудан өзге таңдауы жоқ.

-Так-с, тағы да бір қайталаймыз!

Ашық сабақ дүркіреп өтіп жатыр. Факультет ұжымы болашағынан зор үміт күтетін өзі



ақын, өзі жазушы, биші, жүргізуші, спортшы Сайрамбекке сөз берілді. Сөз соңында даурыққан жұртқа:

- ...Уа, халқым, енді мен не демекпін, Жалғыз ғана ата-анама мен керекпін. Сіздердей қолдаушыларым болмағанда, Шабыттың не екенін мен білмеппін!
- Керемет!
- Неткен терең ой!
- Нағыз ақын!
- Жеке кешін өткізуге әбден лайық!

Сайрамбекке шабыт берген не екенін ешкім түсінбесе де, тезірек "қойылымның" аяқталуын күткен жастар құлықсыз қол соқты. Әйтеуір ұзақ-ұзақ шапалақтан соң, деканға сөз берілді:

-Жанағы, ашық сабақтарыңыз жақсы өтті, мысалы, мына әдістемелік ережелерге сүйенген жоғары курс студенттері қандай мықты, енді мектепке барып оқушыларды осылай тағылымға тәрбиелейсіздер. Ұлттық таным мен болмысқа негізделген бұл іс-шараның, жанағы, берері мол деймін. Ал енді ұлттық таным дегеніміз не? Таным – ол білім. Соған тоқталатын болсақ...- деп әдепкі әдетіне басып, арасында "жанағы" мен "мысалы" деген сөздерді алпыс бес рет қолданып, жарты сағаттық сөзін "нені неткенде нете берейік" деп аяқтады да, плакаттағы көрнекі суретке ұзақ қарап қалды. Бәрі тым-тырыс.

-Сабақтарың жақсы, жанағы, тек мына

суреттегі баланың шашы неге сары?! Қазақтың кара баласының шашы сары болғанын қайдан көріп едіңіздер?! – деп барлығын тұрғызып қойды.

Студенттер арасынан мырс еткен дыбыс естілді, ернін жымқыра, күлгісі кеп тұрғандықтары бірден байқалады. Тек Салқамгүл апай ғана тақтаға қарап, шындап көңіл аударғандай түр келтіріп ойлағаны мынау: «Апырай, ә, расымен, бұл баланың шашы неге сары, кара не қоңыр қарандашпен бояй салса болар еді ғой. Мана дайындықта қайда қарағанмын? Тағы да ұрыс ескерту алдымау?! Ақымақ басым, мана он емес жиырма рет қайталау жұмысын жүргізгенде бұлай болмас еді. Барлығы да ұсақ-түйектен басталады, декан орынбасары боламын деп жүргенде мынадай қырсыққа тап болғанымды қарашы!...».

Өзінің ойынан өзі ұялған Салқамгүл мұғалімнің екі беті қызарып шыға келді. Декан өзінің қыралығына тәнті болып, одан сайын қанаттана сөйлеп жатыр. Екі сағатқа созылған лекциядан соң, студенттерге ақыл-парасатын паш еткендей кейіппен аудиториядан шығып кете берді. Тек байғұс студенттерге бұл лекциядан да, ұрандатқан апталықтан да келіп-кетері жоқ еді, бос далбаса. Екі сағаттық отырып-тұрудан шаршаған байғұстар орындарына сылқ-сылқ отырып жатты.

Ләззат ЕЛУБАЙҚЫЗЫ